

Н.Ә.НАЗАРБАЕВ

ТАРИХ
ТОЛҚЫНЫНДА





Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

ТАРИХ
ТОЛҚЫНЫНДА

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА



АЛМАТЫ
АТАМУРА
2003

**ББК 66.3(2К)
Н 17**

Назарбаев Н.Ә.

Н 17 ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА. – Алматы: Атамұра, 2003. –
288 бет.

ISBN 9965-05-759-1

Н $\frac{0803010200-140}{418(05)-2003}$ хабарландырусыз **ББК 66.3(2К)**

ISBN 9965-05-759-1

© Назарбаев Н.Ә., 1999

© «Атамұра» баспасы, 1999

© «Атамұра» баспасы, 2003

Шіліңгір шілденің күні шыжыған кезде сайын даланың сары жоңына біткен қылтанақ атаулы ыстықтан қуырылып, жан тәсілім тапсырғандай болар-болмас сытыр естіледі. Тіршілік атаулы көлеңкеге ығысып, кешкі шақтың сабат салқынын сарыла күтеді...

Тынысты тындырған осындай сәтте қаңқайған құздың шығын кенет дала бүркітінің сұлбасы шалады. Көз қарықтырар көк жүзіне амалсыз қадала қарайсың, жаңағы жалғыз сұлба зеңгір кеңістікке сіңіп бара жатады. Осынау тәкаппар тұз қыраны дәл осы сәтте тек қана өз құзырындағы жер мен көктің хикметін байыппен барлап, ауа ағынын қақыратқан қалпы әлдеқайда ұзай береді. Қазіргі қимылы көрер көзге байыпты көрінгенімен, әрбір қанат қағысы оны жебедей жүйткітеді...

Көк жүзін жалғыз жайлаған қырандардың талайы уақыт пен кеңістікке сіңіп жоқ болған. Алайда осынау ұшу үшін жаралған қыран-қияқ ғасырды ғасырға жалғап, қанатымен қанағат табуын тоқтатқан емес. Оның марғау жанары ағам баласының қуаныш-қайғысына айғақ болатын небір құдіреттер мен қасіреттерді шолып баққан. Бір кездері сән-салтанаты келіскен қалалардың қаңқасы ғана қалған арса-арса қабырғалары да, екі мың жыл бойында байтақ Еуразияны табындырған салт атты сарбаздардың күндік жерге созылған қаһарлы легі де, мамыражай күй кешкен жайлаулар да, сахара салсерілерінің қоңырау үнді әндері де, сонан соң Тәңіргің өзі жаратқандай далалықтардың еңбек пен зейнетке, жеңіс пен жеңіліске толы өмірлері де — бәрі-бәрі уақыт пен кеңістік тұңғышынан тізіле көрінгендей.

* * *

Кездейсоқтық болмау керек, Қазақстанның аспан түстес туының бетінде алтынға айналған бүркіт қанат керген. Осынау тәуекелі келіскен мазмұнды да мағыналы нысанның өн бойында табиғатта, тіршілікте, тарихта тоғысып жатыр. Қазақтар тарих толқынында...

Егер саясаткерлер тек бүгінмен ғана беттесер болса, онда олардың тағдыры анағұрлым жеңілдеу болар еді. Әрекет үстіндегі саясаткерлер, мейлі күйретуші немесе көркейтуші болсын, олардың драмаға толы тірлігі қайткен күнде де тарихтың толқындарымен шендесіп жатады. Мұны саяси театр актерінің өзі сезіне ме, жоқ па, онда тұрған ештеңе жоқ. Гәп басқада — гәп жаңағы тарих толқындарымен шендестіріп жататын күштің таза практикалық немесе өткінші істергі бірге айқындап, енді бірге көлеңкелеп жататынында болса керек.

Менің тарихқа ден қоюымның сыр-себебі де бүгінгі күннің оқиғаларынан тарихтың «табын» сезінгендігімде деп білемін.

Бұлайша пайымдау көп ұлтты қоғамда айрықша мән-мағына арқалайды. Мұндайда өздігінен тілге оралатын, бірақ айқын бейнелі ойға дес беруге болады. Біз барлығымыз үшін құқы мен мүмкіндігі тең көп ұлтты мемлекет құрудамыз. Бұл ретте, Конституцияның кепілі ретінде, ел Президенті Қазақстанның барлық халықтарының алдында, 130 ұлт пен ұлыстар өкілдерінің баршасының алдында жауапкершілік арқалайды.

Сонымен бірге мен қазақ болғандықтан, қазақ мемлекеттігінің ғұмыр-шежіресін ірге көтерген кезден бастағанның өзінде, қазақтың бес ғасыр-

лық төл тарихын білуге тиіспін. Бұған қоса бүкіл түркі халықтарының тарихи бесігі — Түркі қағанатын естен шығаруға болмайды, ал бұл дегеніңіз, осыдан аттай 1500 жыл бұрынғы тарихи кезең...

Тек осы ХХ ғасырдың аясында ғана Алтайдағы көптеген түркі халықтарының жойылып кеткені сияқты, қазақ ұлтының да жойылмауы үшін, керісінше өзінің толымды тарихына сай көркейіп, басқа да халықтардың әлемдік қауымдастығынан лайықты орнын алу үшін Президент тікелей өзі жауап береді.

Алдағы міндет ұлт мәдениетінің ұлы тұлғасын кезеңдік бұрылыстарда тарих сахнасына «шығара» білуге болса керек. Мұндайда әрі кең, әрі жүргек «бүгінгі күннің даңғылымен» жүру үшін байырғы тәсіл жарамсыз болмақ.

Былайша айтқанда, өткенге мойын бұрамын деп болашағыңнан айырылып қалуың кәдік. Бір толғамға жеңіл көрінгенмен, бұл сияқты қоскіндік ойдың ұшығына шығу да оңай емес.

Тарихқа терең түсінікпен ген қоймай тұрып, мұндай қоскіндік ойдың жосығын бажайлауға да болмайды.

Міне, сол себептен де өткеннің кейбір іргелі тағылымдарына ген қоюға тура келді.

Қарапайым да мәңгілік сұрақтар — біз кімбіз және бізді тарихтың бірде кезең, бірде жазан жолы қайда алып барады?

Әрбір халықтың басында болар мұндай сұраққа жеріне жеткізе жауап беру, бәлкім, жасаған жалғыздың өзінің ғана қолынан келер. Осынау жойдасыз ауыр міндетті арқалаған тарихшының немесе жазушының келер ұрпақ алдында балаң қиялшыл болып көрінуі де бек мүмкін.

Олай болса, мұндай шамшыл іске саясаткердің білек артуы қалай? Былайша айтқанда, бұл жерде «Гекубаның қасіреті сөз бе екен?» Рас, бұралаңы мол шаруа, бірақ қажет екеніне де шүбә жоқ. Тарихқа археологиялық зерттеулердің пәні тұрғысынан қарамай, бүгінгі өмірді танудың тәсілі тұрғысынан қарағанда «саясат» деген кінәмшыл үргіс әрқашан алдыңнан шығып отырады.

Үшінші мыңжылдыққа санаулы күндер қалғанда біздің болмысымыздың ең көкейкесті сұрақтары — ұлттық үндестігіміздің мән-маңызы неге, қазіргі Қазақстан үшін мәдениетке қатысты үлгінің қандайы қонымды, біздің ұлттық санамыздың арқауы неге, қазіргідей жедел құбылатын заманда «МЕН» дегізерлік ұлттық қасиеттерді қалай сақтап қалуға болады — міне, мұның бәрі де нақтылы өмірмен беттескен саясаттың сұрақтары. Ал оның жауабы бүгінгі өмірмен ғана астасып жатқан жоқ, тұнығы мен тұманы қабаттасқан тарихтың тұңғышымен де тамырласып жатыр...

Еуразияның кіндігіндегі ең соңғы көшпелілер құрлығының тағдыры, ұлттық сана мен байырғы қорғандар құпиясы, тоталитаризм мен ұлы әмірші Бейбарыс, қазіргі Қазақстанның диаспоралары мен орта ғасырдағы Үндістан, ұлттық тұтастану мен «Алаш» — міне, осылардың бәрі де біздің басымыздан өтіп жатқан бүгінгі күрделі өмірімізге күш дарытумен бірге ұлы халқымыздың тарихымен де тамырласып кеткен...

ҰЛТТЫҚ КЕЛБЕТТІ
ҰЛЫҚТАЙЫҚ

Жүректің түріп құлағын,
Ойланып тағы қарашы.
Кімсің сен, қайда тұрағың,
Енді қайда барасың?

Омар Найям

«Ұлтты жобалап-жоспарлайтын» балаң уақыт артта қалды. Мәселе тарихтың жиырмасыншы ғасырында тоталитарлы мемлекеттің мұнымен кінәлы болуында ғана емес, сонымен бірге іргелі деректерді түсінетін мезгілдің жеткенінде де болу керек. Ұлт дегеніміз жанды организм, оның даму барысы әлеуметтік-биологиялық және мәдени мүмкіндіктермен шектеліп отырады. Ұлтты саңырауқұлақша қаулатып өсірудің пайдасы жоқ, олай ету мүмкін де емес. Оның үстіне, әрбір ұлттың кереметтігі сол, әдеттегі қалыптасқан мүмкіндіктерден мойын оздырып отыруға бейім болады. Демек біреудің тойып секіргені келесі біреудің тоңып секіруіне себепші болады дегендей қалыптасқан үрдіс бойынша ұлттың табиғи секемшілдігін жасырып-жабатын да әдет бар.

Алайда ұлт мәселесіне қатысты жалпы үрдісті танып-түсіну, сөз жоқ, қажет. Мұнсыз мемлекеттік дамудың жалпы логикасын байжайлау мүмкін емес.

* * *

Осы орайда мәдени стратегия мәселелеріне бұл кітапта неге көбірек ден қойылатыны айқындала түседі. Түптеп келгенде ұлттық-мемлекеттік саясаттың базалық негізі өзін-өзі тану мәселесі болып шығады.

Мойындауға тура келеді, бір жағынан ішкі әр тектілік, келесі жағынан сыртқы мәдени

ықпал қазақ ұлтының мәдени біртұтастығын көңілдегідей етуге дес бермей отырғаны рас.

Мұндайда әрекетсіздік бел алса, онда тарихтың тегеуріні біздің тоз-тозымызды шығарады. Себебі қазақ ұлтының ішіндегі әр текті «мәдени аралдардың» өзінше толқып, басқа тартылыс орталықтарына қарай ойысуы табиғи құбылысқа айналмақ. Бұл проблеманың мән-маңызын елемеуге болмайды, дегенмен де бұл мәселені мәдени таным тұрғысынан парықтау менің міндетіме жатпайды. Оны менен гөрі көнігі мамандар жеріне жеткізіп атқара жатар, мен өз тарапымнан саясаткер ретінде пайымдағандарымды ортаға салуды жөн көріп отырмын.

* * *

Біз жағымды немесе жағымсыз ықпалдарына қарамастан, әр текті мәдениет тасқынында өзімізді құлықсыз тұтынушы ретінде сезінеміз. Бұл жерде мейлінше кең ауқымда жүріп жатқан ақиқат ахуалға қатысты да осыны айтуға болады. Алайда осынау кең ауқымды ақиқаттан басқа біздің өзіміздің ұлттық мақсат-мүддеміз де бар ғой. Саясаткер үшін бұл мейлінше мәнді айырмашылықтар. Сонда қайсысы мәндірек — ахуалдың ағымында кету ме немесе өзіміздің қасиетті де стратегиялық мақсат-мүддемізді нысана ету ме?

Өкінішке қарай, мәселенің бұлайша қойылуы дұрыс емес және бұл мәселе тек Қазақстанда ғана емес, басқа да көптеген біліктілер тарапынан осылай сараланып жүр. Мұндай сұрақтар,

әдетте «сансыраған санадан» бастау алады. Бұл ретте қазақтың қазіргі ұлттық санасының жай-күйін қайдағы бір ақиқат ахуал деген алыпқашпа қауесетпен шендестіріп, сол ұлттық сананы ішкі және сыртқы күштердің қыспағында қалдыру үрдісі байқалады. Сөйтіп ілгері дамуға тұғыр болатын ұлттық сананың ұстанымды ерекшеліктері қаперден тыс қалып жүр.

Ұлттық санадағы бұл сияқты орнықсыздық пен тұрақсыздық нақтылы әрекет үстіндегі саясаткерлерді біраз мәселелермен беттестіреді. Бұл орайда, бері қойғанда елеулі-елеулі үш проблема төбе көрсетеді.

Біріншіден, ұлттың стратегиялық мүддесі үшін ахуалдарды өрбітудің қандай сценарийі сай келеді? Екіншіден, нақтылы тарихи үрдістің өзегінде ілгері даму үшін тағы да қандай жолдар бар? Үшіншіден, қалаған жолдың жүзеге асуының нақтылы мүмкіндігі қандай?

Демек жөнімен қойылар сұрақтың қисыны басқаша болса керек: «Кез келген ақиқат ахуалға орай қазақтың ұлттық біртектестігін әрі сақтай білуге, әрі дамытып отыруға қалай қол жеткізуге болады?» Рас, бұл мейлінше ауқымды міндет. Алайда мәселенің түйіні «тарих тегеурінінің» қыспағындағы ұлт пен мемлекет туралы болып отырғанда, қойылар сұрақтың да шек-шекарасын айқындап алу қажет. Себебі, бұл мәселе жеңіл-желпі қарауды немесе қателесуді көтермейді. Олай болса, қойылар сұрақ пен жауапкершілік тепе-тең түсіп

жатуы керек. Бұрынғылар айтқандай. «Родос осы жер болса, сол жерден секір»

* * *

Бүгінгі қазақ гуманизмі үшін ұлттық біртектестік пен уақыттың тегеурінді талабы шендескен аралықтағы мейлінше күрделі өрістен жол тауып шығудан артық мәнді мәселе жоқ. Бұл саяси ғана емес, сонымен бірге ғылыми да проблема. Сондықтан да ғалымдардан асырып ой өрбіту саясаткер үшін абырой әпепе қоятын іс емес. Мен бұл орайда маңдай тіреп отырған мәселені шығармашылық мәтін үлгісінде емес, нақтылы әрекетке көшу тұрғысында ғана сөз етіп, кейбір проблемалардың сұлбасын көлденең тартып көрмекшімін.

Бүгінгі дүние дидарынан қазақ ұлтының өзіндік орнын сезіну ахуалы таза эклектикалық қалпымен көзге ұрады. Бірден мейлінше ауқымды теорияға құлаш ұрып, әлемдік үрдіс аясынан қазақы біртектестікті іздестіру мүддесі байқалады.

Қазір постиндустриялық қоғам, өркениеттердің тоғысуы, либерализмнің жетістіктері, неоконсерватизм сияқты мейлінше ауқымды өзгерістер не тарихи, не географиялық тосқауыл көрместен қазақ ұлтына телнуде. Тап бір, бүгінгі таңда біз үшін неоконсерватизмнен мәндірек проблема қалмаған сияқты! Былайша айтқанда, қазақ ұлтына қатысты проблемалардың аясы талғамсыз кеңейіп бара жатқаны байқалады.

Келесі бір әлдеқайда кеңірек етек алған ахуал ретінде әспеттелген, бірақ ескірген идеологиясымақпен қазақ тарихын тұйықтай бастаған талпыныстарды айтуға болады. Қазақ проблемасын, әсіресе қазақтың этностығын көшпелілер қоғамындағы қалыптар мен құндылықтар тұрғысынан саралау қазақ ұлтына қатысты проблемалардың өрісін тарылту болып шығар еді. Егер шартты түрде болса да, бүгінгі күннің өктемдігін сілкіп тастағанның өзінде қазақ ұлтының еш уақытта өзімен-өзі шектелмегенін көреміз. Тағдыр мен Тәңірдің құзырында болған қазақтар алуан түрлі ықпалға құшағын аша отырып, өзінің ұлттық қасиетін сақтай білген, ол қасиеті әсте көшпелілікпен, болмаса дәстүршілдікпен шектелген емес. Дәстүршілдікті күйттеушілер тарихтың күйтырқылығын ескере бермейді, дәстүрге балап жүрген қасиеттеріміздің талайы бір кездері жағымсыз жаңалықтар болған..

* * *

Егер «ақиқаттың аясында» болғымыз келсе, онда қазақтың өткені мен бүгінгі туралы тым жалпақшешейліктің де, тым томағатұйықтықтың да қажеті жоқ.

Бұл жерде бері қойғанда, мынадай мәселе қаперде болу керек. Ең алдымен, төл тарихтың тін деген мәселе. Бүгінгі таңда ұлттық тарих сөз болғанда — дәстүрлі көшпелілер қоғамы, Ресей империясының аясында болған кезең, кеңестік кезең, ең соңында қазақ ұлты-

ның тәуелсіздік жағдайындағы кезең деп саралау әуезе болған. ✓

Өкінішке қарай, қарапайым қағидалар шындықпен ұдайы сәйкес келе бермейді ғой. Шынымен-ақ біздің дәстүрлі тарихымыздың саяр жері тек қана көшпелілік болғаны ма?! Бүгінгі таңда бұл мәселеге орай қойылар сұрақтар аз емес. Қазақстан жерінің байырғы кезеңінде де, қазақ ұлтының төл этногенезі төбе көрсете бастағаннан бергі кезеңінде де қалалық жүйесі дамыған елді мекендердің болуы бір жақты байлам жасауды көтермейді. Оның үстіне, тұтас алаптарды қамтыған отырықшылықтың сан ғасырлық дәстүрі бар екені белгілі. Ең соңында, осыдан ондаған жыл бұрын айтылып келгендей, көшпеліліктің өзі де бір жақты парықталмайды ғой. Сондықтан қазақ тарихының осынау ең бір этникалық ұзақ ғұмырын бажайлағанда біз қаптаған қасаң қалыптардан бас тарта отырып, ұлттың бүгінгі тұлғасына дәстүрлі қазақ қоғамының қандай ерекшеліктері «ізін қалдырып» отыр және сол сан ғасырлық әсер-ықпалдың ерекшелігі неде деген мәселені шындыққа сай сезінуіміз керек.

Сонымен бірге отаршылдық пен кеңестік деп аталатын кезеңдегі қазақ ұлтының тіршілігіне қатысты мәселелер де түбегейлі қайта танып-түсінуді қажет етеді. Мәселенің мәні, тек патшалық Ресей ғана халықтардың түрмесі болып қойған жоқ еді, сонымен бірге КСРО-ның да жұмақ болып жарытқаны шамалы деп келетін балаң тұжырымды көлде-

нең тартып, белгілі шындықты сарната беруде болмаса керек. Гәп басқада — ұлттық тарихқа қатысты аталмыш екі кезеңінің де тектамырының ұқсастығында! Енді, міне, қоғамдық құрылыстың өзгеруі бұрыннан бар үрдісті одан сайын ушықтыра түсіп, ұлттық мәдениет пен ұлттық жүйені шайқалтар тоталитарлы аласапыранға ұласуда.

Асылы, қазақ ұлтының экоәлеуметтік жүйемен біте қайнасқан тіршілігін түсіну үшін империялық және кеңестік отаршылдықтың айырмашылығына ден қоюдан гөрі, олардың түбірлі ұқсастығын танып-түсінген мәндірек болар.

Рас, ғасыр басында Ақпан төңкерісінен кейін бір толас сәт болған, сол кезде Қазақстан үшін метрополиямен арақатынасын түбегейлі өзгертуге болатындай тарихи мүмкіндік төбе көрсеткен. Бірақ бұл кезеңнің Қазан төңкерісімен тамамдалғаны белгілі. Бұл кезеңдердің алдыңғысын да, соңғысын да әспеттеудің қажеті жоқ. Мұның екеуі де қазақ жерін әскери, шаруашылық және мәдени әрекеттер арқылы бағындыруды нысана етті.

Он тоғызыншы ғасырда белгіленген үрдістердің біразы жиырмасыншы ғасырда өзінің логикалық межесіне жетті.

Біздің ұлттық тарихымызды парықтауда, әрине, зерттеушілердің ыңғайына және әдістемелік қисынға қарай бұрыннан қалыптасқан үлгі негіз болмақ. Алайда әр түрлі

тетіктер мен тарихи ахуалдарға қарамастан, қазақ этностығының тағдырын жан-жақты танып-түсіну үшін отаршылдық кезеңге біртұтас құбылыс ретінде ден қою керек. Әсіресе, жақын кезеңдерде «жадымызға түскен тарихи іздер» айрықша мәнді және ондай іздер мінез-құлыққа, өмір құбылыстарының мән-мағынасын парықтауға, соның ішінде қазақтық дүниетанымға тікелей ықпал етеді.

Ақырында ұлттық тарихтың соңғы он жылы дәлірек айтқанда, ғасырлар бойы мемлекеттігіміздің тарихқа кеткен есесіне өтеу болған соңғы жеті жыл, міне, бұл кезеңнің өзіндік ішкі логикасы бар, қазірдің өзінде ұлттық санаға өшпестей болып түскен өзіндік ізі бар. Бұл кезең құқықтық, экономикалық және саяси жаңалықтарға қоса, ұлт психологиясына түбегейлі өзгерістер енгізіп, тарихтағы орнын танып-білу сезімін орнықтырды. Әзірше осынау психологиялық өзгерістердің рөлі өз деңгейінде парықтала қойған жоқ. Сонымен бірге бұл кезеңде тек қана шапағат нұры шалқыды десек те, көңілдің қалауын шындыққа телігендік болып шығар еді.

Дегенмен тұтастай алғанда психологиялық ұмтылыстардың бағыт-бағдары түзу екенінде шөк жоқ — қазақтар психологиялық орнықты сеніммен өздерін әлемдік тарихтың дербес және азат субъектісі ретінде сезіне алатын болды. Тарихи болашағына деген ғасырлар бойғы үмітсіздік ұлттық мінез-құлықты күйретіп, қадір-қасиетін

шайды, қазақ халқының небір данышпан перзенттері мен көсемдері тарихтың қарғыс атқан тұзағында тұншықты, ұлттың амандығы үшін олар тарихтың тәлкегіне көнуге мәжбүр болды. Жиырмамыншы ғасырдың соңғы он жылында ғана қазақтар еңсесін тіктеп, арман болған азаттығымен қауышты...

* * *

Келесі бір реалистік ұмтылыстардың қисыны қазақ даласына деген мәдени ықпалдардың жай-жапсарын дәл пайымдауға саяды. Екі ғасыр бойғы мәдени «ішірткі» Дала мен былайғы дүниенің мәдени сұхбатын мазаққа айналдырды. Былайша айтқанда, қазақтар қайдағы бір жартыаралдың тұрғындары сияқты, ол аралдың оңтүстігін, шығысын және оңтүстік-батысын мәдениеттен мақұрым мұхит қоршағандай күй кешті. Ал сол даланың барша мәдени дамуының тарихы солтүстіктен оңтүстікке қарай бірте-бірте лықсыған мәдени жаңалықтардың тарихы сияқты қабылданды.

Мұндай құйтырқылықтың жай-жапсары әлемдік өреге әлдеқашан мәлім болған, кез келген өркениетті ғалым мен саясаткер үшін ондай ойға бойсұнатындар таза ақымақ болып көрінеді. Алайда Қазақстанға қатысты бұл сияқты «мәдениеттанушылықтың» әлі де болса төбе көрсетуі жиі байқалады және бір таңғаларлығы сол, олар жергілікті саясаттанушы-

лар болып отыр. Кейде бұдан да өткен сорақы сұңқылды естуге болады, ондай сұңқылдар — енді бәрі де құрыды, бұрынғы метрополияның мәдениетінен кіндік үзген соң күніміз қараң дегенге саяды.

Ешқандай жасырып-жабары жоқ, орыстың ұлы мәдениетіне қатысты және оның қазақтарға деген шапағаты жөнінде менің ниетім белгілі. Сонымен бірге күні кеше ғана орыс әдебиетінің ұлылығы туралы сере шығатын монографиялар жазып, енді бүгін солтүстікке қарап топырақ шашатындардың да нәуетек ниеттерін қолдамаймын. Мұндай екі жүзділер әрекеті қолда өскен мөңгүрттерге қарағанда көбірек жерінтеді.

Сөздің сарыны басқада. Ондай сөз Оңтүстік пен Шығыс, Солтүстік пен Батыс арасындағы жолайрықта қазақ даласы мен қазақ қалаларының ұлы мәдениеттерге дәнекерлік еткені туралы болса керек. Әлімсақтан бері — Бейбарыстан Бабырға дейін, Елетміштен Шоқанға дейін — солай еді ғой. Қазақ мәдениеті біздің түркі бабаларымыздың мәдениеті сияқты, қандай әсер-ықпалды бастан кешірсе де томағатұйықтыққа берілмеген, ұдайы синкретті болып отырған. Содан да болар, рухани бастаулардың «ұлттық алаңы» қашанда сан-сала мүмкіндіктерге жол ашқан, ал әпербақан ұрда-жықтардың қалауы немесе отандық сұңқылдақтардың субъективті талғамдары есте оң іске мұрындық болған емес.

Әскери технологиядан бастап тұрғын үйді жасақтау тәсіліне дейін, экологиялық ортаны игеруден бастап үй түлігін өсіруге дейін, металлургияның ғажайып технологиясынан бастап әдеби шығармашылықтың ұлы туындыларына дейін — қазақ жері еуразиялық ауқымдағы мейлінше кесек мәдени жаңалықтардың мекені екенін тым болмаса жалпы дерек деңгейінде білмеу сауатсыздықтың ең бір сирек айғағы болса керек. Мұның бәрі де әр текті халықтармен және өркениеттермен әрі алуан түрлі, әрі ұзақ уақыт бойы байланыс жасау арқылы ғана мүмкін болатын құндылықтар. Ортағасырлық Қазақстанның шаңды жолдарымен Йасауи мектебінің мистиктері де, парсының тек қана дүние қуумен шектелмеген сары сақал көпестері де, теңдесі жоқ махаббат лирикаларын жазған Сағди мен Руми де, Шыңғысханның қаһарлы жауынгерлері де, Аспан асты империясының әкімдері де... бәрі-бәрі қаннен-қаперсіз мәңгілікке бет алған...

Бұл дала қаншама мәдени ықпалды қорытып, өзі де қаншама құндылықтарды дүниеге келтірді екен — бұл жаңалық пен жаңғыртуға ден қойдыртатын сұрақ. Дегенмен басы ашық бір шындық — қазақ даласының мәдениеті мейлінше терең дәстүрі бар аса күрделі және көп қыртысты құбылыс. Тек осы тәсілмен ғана мәдениет саласында «қазақтық» дегенді тап басып тануға болады. Мұның өзі ұлттық қамқарекеттің аса мәнді өрістерінің бірі болуға тиіс.

* * *

Ұлттың болашағына, оның өзіндік «МЕН» дегізгерлік қасиеттерін сақтау мүмкіндіктеріне сеніммен қарау — жай әншейін кезекті қиялдың жемісі емес. Мұндай сенімнің бізде орнықты негізі бар.

~Біріншіден, жиырмамыншы ғасырдың бас кезіне дейін небір қыспақ пен құбылтуларға қарамастан, дәстүрлі өмір салттың «тұмшаланған» халде болуы аса тегеурінді этномәдени сананың сақталуына себепші болды. Бейнелеп айтқанда, біз өзіміздің тарихи түпкі біртектестігімізді былайғы жұрттар сияқты шашып-төккеніміз жоқ. Екіншіден, қазақтар басқа ұлттармен кең көлемде араласқа түскен жоқ. Қазақстан жерінде ассимиляциялық үлгі қазақтар үшін ешқашан етек алған үрдіс болған емес. Оның себептері көп, дегенмен ассимиляциялық тыйымның ұлттық сананы шыңдауға белгілі дәрежеде ықпал еткенін атап өткен жөн. Үшіншіден, барлық жасауымен төл мемлекеттікке қол жеткізу мейлінше тегеурінді психологиялық серпіліс тудырып, қазақ халқының өзін-өзі парықтауына және өзін-өзі түсінуіне қатысты түбірлі өзгерістер әкелді. Төртіншіден, қазақтардың этногенетикалық жастығына және жастардың демографиялық құрылымына байланысты «этникалық энергияның» айтарлықтай қоры шоғырланды. Ең соңында бүгінгі дүниеде толыққанды ұлт санатында болу үшін және сәтімен тіршілік құру үшін қазақтардың «сын көтеретін саны» жеткілікті мөлшерде.

* * *

Егер сыртқы әсер-ықпалды былай қоя тұрып, мәселені нақтылай түсетін болсақ, онда ұлттық әрекеттің аясы үш түрлі фактормен анықталмақ.

Мұның ең алғашқысы — ұлттық бірігу (интеграция) мен ыдыраудың (дезинтеграция) тетіктері. Қазақтардың өз ішінде ыдырауы ұдайы дерлік Тәңірдің жазасындай болып, қазақ мемлекеттігінің мүмкіндігін қатты тежеп отырған. Әрине халық жадында сақталған мың-сан тарихи мысалдары бар бұрынғы ыдырау мен бүгінгі күнгі ыдыраудың тетіктерінің арасында біраз айырмашылық бар. Бұл жерде қазақтың ежелгі ауруына тарихи жүгінім жасаудың қажеті шамалы, оның орнына ыдыратқыш үрдістермен күрес ұлттық әрекеттің ең мәнді бағыты болып отырғанын айтқан жөн. Қазақтың өз ішіндегі бірігулердің тетіктерін, институттарын, құндылықтарын жетілдірудің мән-маңызы әскери құрылыстан немесе сыртқы саясат институттарын жасақтаудан бір де олқы емес.

Әрі қарай қазақтың ұлттық тұтастануы үшін табан тірейтін негізгі идеялық тұғыр біршама айқын. Бұл — дербес мемлекеттікті сақтау және дамыту. Бұл — мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін дамыту және нақтылы әрекетке ұластыру. Бұл — Қазақстанның аумақтық тұтастығы. Ең кереметі тарихи өлшеммен

қарағанда азаттықтың алынғаны күні кеше ғана болса, ал қалыптасқан сана ғасырлар тұңғиығымен тамырласып жатыр. Азаттыққа, Қазақстан аумағының тұтастығына, нақтылы экономикалық, әскери, ақпараттық дербестікке қол жеткізу дегеніміз мейлінше күрделі және ұзақ уақытқа созылатын, сондай-ақ ұлттың ерекше қажыр-қайратын қажет ететін үрдіс екенін сезіну әрбір қазақ үшін әліппелік ақиқат болуға тиіс.

Ең соңында, саяси идеялардың әрекетсіз, «ауаға ілінгендей» болып қалмайтыны өзінен-өзі белгілі. Бұл ретте, қазақ ұлтының «көш басылары» деп аталатындар ұлттың жасақталу үрдісінде өзінің рөлі мен қызметін айқын сезінулері қажет. Мен ұлттық рухты қайта түлетудегі және дамытудағы қазақ зиялыларының рөлі туралы айтқан болатынымын. Бұл, әрине, тек көркемдік ой иелеріне немесе ғылыми зиялыларға ғана қатысты болмау керек.

Ұлттық мүддеге қызмет етудің тарихи ұлы үлгілерін шын мәнінде көрсетіп берген әйгілі тарихи қайраткерлердің, мемлекет басқарушыларының тұтас легі біздің көз алдымызда. Олар қазақ мемлекеттігін дамытудың нысанын жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде-ақ көрсетіп берген болатын. Тарих туралы топшылаудың саяр жері тек қана осы ғасыр туралы немесе тек қана жаугершілік жайында болмау керек, ұлттық рухтың шарықтайтын шақтары бізге көбірек ден қойдыртуға тиіс.

Біз асқақ сезімге бөлене отырып, ұлттық әрекетшілдігімізге қатысты ғасыр басында Алаш қайраткерлері бастап берген жолнұсқалар ғасыр соңында жалғасын тапты деп айта аламыз.

* * *

Таураттағы қырсық шалған Иовтың бейбақтығы жеке адам басындағы қасіреттің айғағындай болып кеткен. Сірә, бірнеше ғасыр бойы қасіретке белшесінен батқан, бірақ мойымас-тан төл мемлекеттігін жасақтай білген тұтастай бір халықтың образын әлемдік әдебиет пен мифологиядан кезіктіру оңай бола қоймас.

Егер қазақ тарихы туралы «түнекті нұрландырған» деп келетін желбуаз қауесетті де немесе «өркениетті даланы» әспеттеген тәтті тамсанысты да былай қоя тұрып толғанар болсақ, бір гәп қайран қалдырады. Былай қарағанда, он сегізінші ғасырдағы жойқын демографиялық соққыдан соң, жиырмамыншы ғасырдағы ұжымдастырудан соң, отаршылдық езгісі мемлекеттікті күйреткен соң, ұлттың бетке ұстарларын тұрақты түрде жойып отырған соң, орны толмас мәдени шығындардан соң, қазақ жұртының бір бөлігі дүбөраланған (маргинализация) соң, қазақтың біртуар әйгілі тұлғалары қасірет шеккен соң, тоқетері, — осының бәрінен соң ұлттық кие күйреп, психологиялық тығырыққа тірелуге тиіс еді.

Алайда нәтижесі басқаша болды. Қазақтар — ұлы өркениеттердің мұрагерлері тарихтың сансапалақ құз-қияларынан өзінің ұлттық «МЕН» дегізерлік қасиеттерін алып шыға алды. Жай ғана алып шығып, жай ғана сақтай білген жоқ, сонымен бірге еселеп жаңғырта да білді.

Осы кездейсоқтық па? Әдетте, тарихты топшылау барысында нақтылы айғақ болмағанда ғана мистика бел алады. Біз үшін мистикалық күштерге жүгінудің ешқандай мұқтажы жоқ. «Қазақы төлтумалықты» сақтай білу — біліктіліктің жолы және ондай жолдың тарихи тұғыры берік.

* * *

Біріншіден, қазақ этносы ғасырлар бойы қалыптасқан. Ол осы жерге әлдеқалай отаршылдық немесе басқыншылық жолмен келмеген. Қазақтардың тарихи тек-тамыры мейлінше тереңде. Ондай тек-тамыр алғашқы қазақ хандығы құрылған кезеңмен әсте шектелмейді. Қазақтардың тарихи тұрақтылығы, төл этногенетикалық аумағына бауыр басуы әр түрлі тарихи кезеңдерде айрықша рөл атқарған. Барша қазақты атамекенінен кіндік үзуге мәжбүрлейтін күш дүние дидарында бола қоймас. Ондай күш демографиялық та, миграциялық та, мәдени де тұрғыда нәтиже бермейді.

Біздің кіндігіміз жеті атамызбен ғана жалғасып жатқан жоқ, одан да арғы Үнді мен Ніл, Еділ мен Дон жағалауларына қазақ даласының рухын жеткізген бабаларымызбен де жал-

ғасып жатыр. Осынау қанатын кеңге жайып, жанарын алысқа салатын қазақ рухы әзірше өз деңгейінде парықталмай келеді. Сөйте тұра, дүйім жұрттың санасынан әлі де болса сейіле қоймаған осынау байырғы түйсік ұдайы тегеурінді әрекеттерге тұғыр болып келеді.

Екіншіден, әлеуметтік-мәдени қыспақтың небір жойқын түрлеріне қарамастан, ұлттық-мәдени жаңғырудың тетіктерін тежеу ешкімнің қолынан келмеген. Қазақ әдебиеті мен музыкасы, фольклоры мен сұңғаты (живопись) бірде ғажайып поэзиялық дәстүр түрінде, енді бірде әуен-сазы келіскен музыкалық нысан түрінде, тіптен кейде этнологиялық тегеурінді серпіліспен ұлттық сананы сергітіп қана қоймаған, сонымен бірге мән-мазмұнын да кеңейтіп отырған. Содан да болар ғасыр басындағы ең біраз озық деген отандастарымызға қарағанда бүгінгі қазақтардың мәдени әмбебаптығы әлдеқайда терең де кең. Жауырды жаба тоқыған тоталитарлы қасаң төрешілдіктің тасасында, небір ұлттық рухтағы еңбектер елене бермегенімен, кейде ондай еңбектердің тегеурінді серпіні (қазақтың ұлы тарихшысы Бекмахановтың еңбектері) қалғып-мүлгіген дүмбілез дәуірді сілкіп оятып отырған.

Үшіншіден, қазақтардың ұлттық біртектестігінің қуаттылығы деген мәселе. Қазақтар ұзақ жылдар бойы не діни, не этникалық біртектестігінен айныған емес. Қазақтардың өз ұлтына деген баға-байламы шын мәнінде қайран қалдырады. Бұл

ретте, бір ғана деректі еске алу жеткілікті. Бұрынғы Одақ кезінде біздің үлес салмағымыз өз жерімізде бүкіл тұрғындардың үштен бірін өздер құрай алған кезеңдер болған. Міне, осындай жағдайдың өзінде қазақтардың басым көпшілігі өзінің ұлтына берілген сезіміне қылау түсірген емес. Сондықтан да мен қазақтың біртектестігі шайылып барады деп байбалам салатын пессимистерімізбен үзілді-кесілді келіспеймін. Мәселенің мәні мұнда емес, керісінше сол біртектестігін орнықтыра түсетін іргелі істерге ден қойып, оған бүгінгі күннің мазмұнын дарыту қажет.

* * *

Сонымен бірге ұлттық сананың кейбір ерекшеліктері де қазақ болмысының құпиясы мен өміршең күштерін нұрландыра алады. Қазақтардың рухани әлемі негізінен ауызекі поэзия дәстүрінің ықпалымен қалыптасып отырған. Қазіргінің талай елін қайран қалдыратын осынау байтақ кеңістікті кернеген поэзиялық әлем тек қана сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Ол жаңашылдықтың жалынын лаулата да білген. Содан да болар, қазақтың поэзиялық шығармашылығында мейлінше терең танымдық қасиеттер бар. Сондықтан да қазақтың дәстүрлі поэзиясы ұдайы философиямен шендесіп жатады.

Қазақ даласында поэзия тек ақын-жыраулардың ғана еншісі болып қоймаған, ол қазақ мәдениетінің барлық тамырына нәр берген.

Қазақты этномәдени тұтастық ретінде танып-түсіну үшін халықтың ауызекі сөзінің құдіреті айрықша мәнді. Әрине жадау тірліктің жайдақ сөзі емес, бұл жерде әңгіме армансыз сұхбаттан туатын асыл сөз туралы болып отыр. Салиқалы сөз «қазақылықты» құлпыртудың кілті болған.

Осылайша ғажайып үрдіс қалыптасқан — сан ғасырлар бойы рухани төлтумалықтың Темірқазығы тек зиялылар ғана емес, қара халықтың өзі болып отырған. Мұндай құбылыс әлемдік тарихта мейлінше сирек кездеседі. Бұл шын мәнісінде қазақ дүниетанымының төл қасиетін орнықтыруда түбірлі ықпал еткен, мазмұны мен болмысы демократияшыл құбылыс болатын.

Қазақтың әдеби тіліндегі демократизмнің де, қорғасындай салмақты латындық даналықтың да сыр-себебі осында. Кәсіби салалардың қасаң заңына бейімделе бермейтін қазақ тілінің синкреттілігін де осы тұрғыда пайымдауға болады.

Ұлы ақындар мен мыңдаған белгісіз авторлар сабақтап-шыңдаған халық фольклоры, халықтың ауызекі шығармашылығы қара халыққа арналған орта деңгейлі білім мекемелерінің орнын толтырып, былайша айтқанда, институттанған ахуал қалыптастырған. Осынау миллиондаған қазақтың тілдік шығармашылығы бір қарағанда аңғарыла бермейтін міндетті қоса атқарған. Тілдік шығармашылық арқылы әрбір қазақ өз мәдениетінің «оқшау-

лығын», өзінің «МЕН» дегізерлік қасиеттерін және төл мәдениетінің сыр-сымбатына қатысының бар екенін тікелей сезініп отырған.

Малшысы мен манабының бір деңгейде сөйлейтініне мақтана алатын халық әлемде сирек болар. Осы орайда, қазақ тілінен аударма жасаушылардың тарапынан болып тұратын күдік-күмән еске түседі. Олар қазақтың әдебиетшілеріне «осы бір тұста әсіре сөз жоқ па?!» деген сұрақты жиі қояды. Жоқ. Себебі, тілдік шығармашылықтың мың-миллион ғажайып мүмкіндіктері арқылы жүзеге асатын қазақ санасының ерекшелігі, белгілі дәрежеде, төл мәдениетімен шын мәнісінде етене болғандықтан, қазақ тіліндегі көркемдік сезімнің барша бояуы мен көзден таса мағыналық тереңдігін кез келген қазақтың парықтай алатындығынан болу керек. Сондықтан да қазақ тілінің әдебиетшілдігі дегеніміз, түштеп келгенде, ойлаудың ұлттық ерекшелігі болып шығады. Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұ дүниеде қымбат не бар екен?! Әрине, одан қымбат ештеңе жоқ деп айтуға болады. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған — оның ғажайып тілі.

* * *

Қазақ болмысының келесі бір ерекшелігі — оның тарихшылдығы. Қара халықтың тарихтан хабардарлығы мейлінше жоғары болған. Керек десеңіз, білім институттарының дамыған жүйесі бар бүгінгі күннің өзін бұрынғы қазақтардың санасындағы жаппай тарихшылдықпен салыстыруға болмайды.

Тарихи білімнің мұндай жүйесі қатардағы көшпелілер үшін тарихи-мәдени оқиғалардың ағыны ретінде бала кезінен сана-сезіміне сіңіп отырған. Қазақ даласының дүйім жұртында кең құлашты тарихи сана болған, себебі бұл даладағы әрбір жұмыр басты пенденің жады бала кезінен ауызша айтылатын қисапсыз мол дерекке әбден жаттығып, көз қанық болып өскен. Халық тарихын түсініп-білу әрбір адамның өз басындағы сезім-түйсікпен астасып отырған.

Бұрынғы бабаларының іс-әрекеті қазақтар үшін өзінің замандастары сияқты зерделенген. Және сан ғасыр бұрынғы тарихи оқиғалар жеке басының тағдырымен тамырласып жатқан. Қатардағы сахара қазағы өз халқының тарихымен біте қайнасқан. Ол өзін ұдайы халық тарихының бір бөлшегі ретінде сезінген.

Әрине мұның бәрі де көшпелілер қоғамындағы негізгі өмір салттың, құрылымның және әлеуметтік ахуалдың орнықтылығына байланысты. Сөз жоқ, көшпелілер қоғамының гүлденіп-көркейген кезеңін индустриялы қоғаммен салыс-

тыруға болмайды, былайша айтқанда, әр деңгейлі тарихи-уақыттық кезеңдерді өрелестірудің қисыны жоқ. Классикалық көшпелілер қоғамын өзімен заманы бір қоғамдармен шендестіре қарастырған жөн. Бұл ретте, байтақ қазақ даласында әскери-саяси үстемдік құрған кезеңдегі көшпелілердің қалың легі өзін былайғы жұртпен салыстырғанда тарихтың тегеурінді тірегі ретінде әлдеқайда тереңірек сезінгенін амалсыз атап өтуге тура келеді.

Сонымен бірге қазақ болмысының жаңалық атаулыны жатсынбайтынын да атап өтпей болмайды. Мұндай дүниетанымның негізі — сахара тұрғыны күнделікті өмірде байтақ кеңістіктің табиғатымен және әр түрлі адамдарымен сан-сапалы байланысқа түскенде үнемі тыңнан туындап отыратын ахуалға сай әмбебап қисынды тауып отырудың қиындығында болса керек. Осындай жағдайға орай қазақтардың бұқаралық санасы ұдайы ақыл-парасатты басшылыққа алып, әбден сыннан өткен аталы сөзге ден қойып отырған.

Сұхбаттасқан адамының жан-дүниесін тануға деген құлшыныс, оның ой-сезіміне деген құлықтылық, әсіресе сырласының жүрек түкпіріндегі мұң-сырға ортақтасуға бейім тұру — әрбір қазақтың қарапайым қарым-қатынасынан бастап барша болмысына дейін айқын көрініс тауып отырады. Бұл — бір қасиеті.

Сонымен бірге тек өзімдікі дұрыс деп өндірішектейтін бірмойын да емес. Өзгенің талғам-

танымы көңілге қонбай жатса да түсіністікпен қарауға бейім. Өзгенің дүниетанымын, құндылықтарды тануын сергек сезімталдықпен түсіну — қазақ болмысының ең бір аяулы қасиеті. Мұның өзі, қазіргідей қарқынды өмір ахуалына бейімделе білудің қажеттілігі туындап отырған заманда айрықша мәнді.

* * *

Міне, ұлттық сананың осы сияқты көзге көріне бермейтін қасиеттерінен басқа, қазақ қоғамында ұлттың жадын сабақтастыратын тетіктер де болған.

Бұл, ең алдымен, әдет-ғұрып құқығының жүйесі — әдет. Яғни патриархалдық және рулық қарым-қатынастың жай-жапсары.

Бұл мәселелердің қай-қайсысының да рөлінің ерекше екені аян. Алайда осылардың әрқайсысына қатысты ұлттық және әлеуметтік білімді сабақтастыру тәсілінің тарихи тағдыры мүлде әр басқа.

Ең алдымен, қазақ өз тағдырының тізгінін өзгеге ұстатқан кезден бастап әдет-ғұрып құқығының жүйесі күйреуге ұшыраған. Он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ далалық әдет-ғұрып құқығын әкімшілік және сот реформалары іс жүзінде ауыздықтап үлгерді. Ал жиырмасыншы ғасыр болса, дәстүрлі даланың қарым-қатынасын реттеп отыратын осынау тиімді тетікті қолдануға ешқандай саңылау қалдырмады.

Рухани-парасаттылық құндылықтарын сақ-

тап-сабақтастырып отыратын ақсақалдардың беделі мен рөліне негізделген патриархалды отбасы ұлттық сананы орнықтыруда ерекше маңызды болған. Ұлттық тарихтың әлеміне өзінің жасымен де, басымен де бір табан жуық тұратын дана көкірек қарттардың беделіне шәк келтірілмеген. Бұл сияқты геронтократиялық институттардың күш-қуатын, әрине қазіргі қоғаммен шендестірудің қисыны жоқ. Алайда ұлттық рухты сақтауда ақсақалдар институтының орасан жағымды рөлінің болғанын тіпті жиырмасыншы ғасырда да қазақтардың бүтін бір ұрпағының сезінгені анық. Дегенмен, қазақтардың демографиялық өсіп-өну типтерінің алмасуынан бастап, қарқын алған урбанизацияға дейін табиғи да, жасанды да сан-сала қыспаққа түскен патриархалды-ұлттық құндылықтарды сабақтастырудың тетігі ретінде мүлде жойылды. Сондықтан ұлттық тұтастанудың тетігі ретінде патриархалдық туралы сөз қозғаудың, әсіресе бүгінгі заманда шарттылығы басым.

* * *

Сол себептен де, қазақтар үшін ұлттық дәстүрді сақтап-сабақтастырып отыратын мәнді тетік — ру болған. Тарих бірыңғай ақ немесе қара деп бөлікке салатын балаңдықты көтермейді. Жаңа ғасырға санаулы-ақ айлар қалған бүгінгі таңда рулық сананың шектеулі де шетін жақтарын біліп-түсіне отырып, біздің

халықтың драмаға толы тарихында рулық психологияның кіріктіргіш рөлінің болғанын сезіне білуіміз керек.

Тәңір алдында бәрі де тең болғандықтан, рулық ұжымда белгіленген қалып пен дәстүрлер киелі де бұлжымас қағидаға айналған. Ру дәстүрі адам санасына берік орныққан, себебі оның қауымдасқан ұжым арасында басқаша тірлік құруына өмір салттың өзі дес бермеген. Күні бүгінге дейін рулық салт-дәстүрлер мен қалып-қағидалардың қайран қаларлық тұрақтылықпен сақталып келе жатқаны да сондықтан.

Өз руын, тайпасын, ата-бабасын жеті ата-сына дейін білу әрбір қазақтың ру аясындағы міндеті және сол білігі арқылы өз халқының дәстүрін сабақтастырып отырудың шарты болған. Мұның өзі қазақтардың этникалық ерекшелігін танытып әрі орнықтырып отырған, тағдыр тәлкегінде тегінен көз жазып қалмауға және ассимиляцияға түспеуіне себепші болған.

* * *

Қазақстан осы ғасырдың бас кезіне дейін тарих көшінің табиғи даму жолында қалыптасқан құндылықтары мен біте қайнасқан тұтасығын сақтай білген дәстүрлі көшпелі қоғам еді.

Көшпелілер қоғамының негізі және оның мүшелері болған. Тайпа, ру, олардың барлық мүшелері бір-бірімен қандас туыстар болып, олардың барша әрекет-тірліктері тұтасып жатқан. Рас, олар бір-біріне ұқсамаған, алай-

да біртұтас отбасының бөлінбес мүшелері ретінде қабылданған.

Ол кезде бір отбасындағы бірнеше адам біртұтас жаралым деп есептелген. Олар өзара тығыз байланыста болғанымен, әркім өзіндік күш-қуатымен, психологиясымен, парасат-пайымымен тірлік құрған.

Отбасының бұл сияқты классикалық үлгісі тарихи жаралымның табиғи негізін құраған, одан әрі — қауым, ру, тайпа, тайпалар одағы, жүз, ең соңында қазақ халқы болып, табиғи қоғамдастыққа ұласып отырған.

Сондықтан да өзінің негізгі өзегі патриархалдық отбасы болып табылатын бұл сияқты кез келген қауымдастықтың дәстүрді тұғыр еткен өзіндік жан-жүрегі, біртұтас әлеуметтік-шаруашылық және парасат-бітімдері болған.

Ол заманда дәстүр атаулы мифтер мен ауызша поэзиялық туындылар арқылы, парасат-пайым мен шаруашылық үлгілерінің сабақтастығы арқылы және әдет-ғұрыптар мен ырым-жоралар арқылы жалғасып отырған.

Ең бастысы, отбасының бір мүшесі болып табылатын жеке адам еш уақытта жалқы жаралым, қайталанбас тұлға ретінде қабылданбаған. Ол бар болғаны біртұтас қауымдастықтың, яғни отбасының, рудың, тайпаның, жүздің немесе халықтың бір мүшесі деп есептелген.

Көшпелілер қоғамының өзіне тән жағдайында қазақ халқы өзін орнықтыру үшін өз ішінде гажайып тірек қалыптастыра білген. Сол тірегі,

міне, он ғасыр бойы біртұтастығына кешік болып келеді. Мемлекеттік құрсаудың болған-болмағанына қарамастан қазақ халқының біртұтас тарихи туынды ретінде сақталып қалуына да сол тірек себепші. Бұл жерде, әңгіме әрбір қазақтың жеті аталық зердесі туралы болып отыр. Сахараның қазағы үшін шыққан тегін білу айдын төсіндегі теңізшінің қолындағы компас сияқты. Осы қасиет қазақ халқының маңдайына жазылған тарихи, географиялық, шаруашылық, саяси, экономикалық, мәдени ахуалына бірден-бір сай келіп отырған.

Ру шежіресін білу — сахара төсінде көшіп-қонған қазақтар үшін өмірлік қажеттілік. Қазақ халқының ру-тайпалық, жүздік-қауымдастық біртұтас ғажайып бітімі ғасырлар бойы бүкіл қазақ — бір атаның ұрпағы, бір тамырдың бұтағы деген ұстаным бойынша өсіп-өркендеп отырған. Міне, еуропалық канондар бойынша бір-бірінен шалғай жатқан үш жүздік бөліктердің бастары бірікпеуге тиіс болғанымен, халық санасының біртұтастығын осындай қасиеттер қалыптастырған. Мұндай біртұтастық тек қана рулық жүйе арқылы жүзеге асқан.

Қазақтың бір тамырдан өсіп-өнген тектік тұтастығының сыр-себебі де осында. Көшпелі қазақтың өз шыққан тегін және рулық байланыстарын міндетті түрде білуі шарт. Бұл бүкіл ұлттың әрбір мүшесі үшін моральдық-этикалық қағидаға айналған. Мұның бәрі біздің тарихымыздың ежелден бергі қасиеттері. Сон-

дықтан да жеті аталық ұстаным қазақ халқының этнобиологиялық, этно-мәдени, жалпы рухани тұтастығын табиғи түрде қамтамасыз етіп отырған. Жеті атасын білу арқылы әркім көрші рулармен байланысын тарата отырып, одан әрі исі қазақтың біте қайнасқан туыстастығына көзі жеткен. Көзі жеткен соң ұлт тұтастығының қамқоры болып отырған.

Қазақ халқы үшін жеті аталық ұстаным мен одан туындайтын рулық байланыс институттарының қандай әсері болған?

Біріншіден, жеті аталық ұстанымға негізделген туыстық байланыс институттары әрбір қазақтың, қала берді бүкіл халықтың білмекке деген ынтасын оятқан. Былайша айтқанда, бүкіл халықтың ақыл-ойын баураған.

Өзінің қазақ екенін білген соң, жеті атасын білген соң, одан әрі өзінің руы мен жүзін білген соң, қазақтар туған жерінің кез келген шалғайында туысқандарының ортасында жүргенін танып-біліп, өзін алып отбасының бір мүшесіндей сезінген. Осынау ерекше мазмұндағы далалық білім, алып отбасылық сана жай ғана жаттанды дерек болмаған. Мұндай білім көшпелілер санасына мекен-тұрақтың жай-жапсарынан бастап, бүкіл этнос аясындағы рулардың қарым-қатынас ахуалына дейін орнығып отырған.

Байтақ даладағы көші-қон алуан түрлі адамдардың, ауылдардың және рулардың ұдайы ұшырасып отыруына себепші. Мұндай ұшырасуларда байырғы туыстық байланыста-

ры жаңғырып, жаңа қарым-қатынас орнығып, сұхбаттасының шыққан тегін біліп отырған. Тіптен, жеті аталық жүйе бойынша екі адамның ғана бір-бірінен жөн сұрасуы былайғы жұрттың тарихи санасын бұрынғыдан анағұрлым кеңейткен. Ру мен ру, жүз бен жүз арасындағы құдандалық арқылы халық өзінің тұтастығын орнықтыра түскен.

√Бүгінгі таңда бүкіл әлем жаңа технологиялық желімен жалғасқан. Ал біздің тарихымызда жеті аталық ұстаным, рулық байланыс институттары, белгілі дәрежеде сол желілік типтегі далалық биокомпьютерлердің рөлін атқарып, күн сайын өз жадын өзі мыңдаған есе кеңейтіп отырған. Бұл сияқты күн сайынғы байланыс, жеті аталық ұстаным бойынша болып жататын аралас-құраластық қазақтардың ру, жүз, этнос туралы танымын бірте-бірте кеңейтіп, бүкіл халықтың білім өресінің биіктеуіне себепші болған.

Тек ол ғана емес, осынау даланың желілі ғажайып компьютері бұқаралық ауқымда ұлттың санасын байытып, өзінің бай тарихы туралы нақтылы білімін орнықтырып отырған. Шындығында, жеті аталық ұстаным бойынша әркім өзінің ата-бабасын ғана біліп қоймаған, сонымен бірге олардың ұлағатты істерін, жолсапарларын, мінез-құлықтарын, керек десеніз, өз бабасы мен оның замандастарының бітім-қасиеттеріне дейін білген. Білгенде де, тап бір бабасы мен шөбере-шөпшегінің арасын ғасыр-

лар бөліп жатпағандай, әрбір қазақтың жадында ең бір болымсыз деректің өзі нақтылы қалпында сақталған.

Нәтижесінде біртұтас отбасы сияқты ұлттың біртұтас зердесі қалыптасып, тек қазіргі жер басып жүргендер ғана емес, жадында сақталған баяғы ата-бабалары да тірілердің санасында тірлігін жалғастырған. Халықтың мұндай зердесі әрбір қатардағы далалықтардың тарихты айқын елестетіп, жан-жүрегімен сезініп отыруына себепші болған.

Сол себептен де, бұл жерде тарихтың тереңіне бойлаған сайын бабалардың басынан кешкендері мифологияланып отыратынын қаперде ұстау қажет. Пенде шіркіннің өз бабаларын әспеттеп, оның орнын былайғы тумаларынан биіктетіп көрсетуге бейім болып отыратын әдеті.

Жазба дәстүр болмаған соң мұндай үрдіс ұдайы етек алып, өткен оқиға мен кешкен ғұмырдың нақтылы да объективті көрініс таба бермеуіне себепші болған.

Екіншіден, жеті аталық ұстаным әрбір қазақтың, бүкіл халықтың құлағына күн сайын бабалары туралы тек жақсылықты құйып, рухани тектілігін дәріштеп, ұлттық сенімін орнықтырып отырған. Бұл әсіре қызыл сенім емес, әрбір қатардағы көшпелінің тарихи нақтылы деректі өз жүрегімен сезінуіне негізделген.

Менің жеті атама дейінгі жадымда сақтал-

ған бабаларымның ерліктері мен жеңілістері, бейнеттері мен жеңістері маған ұдайы дем беріп, өз жолымда кездескен кез келген қиындықты жеңетіндей сенімге жетелеп отырады. Міне, дәл осындай идеология әрбір қазақтың жүрегіне жылу берген.

Мұның сыртында, бабалар рухы — аруақ — мені күн сайын желеп-жебеп отырады. Діни сезім және бабаларыма деген сенім — бұл менің өзекті ісім. Мен бабаларымды аруақтың қолдағанын білемін, сондай-ақ олар мені де желеп-жебейтініне сенемін. Міне, менің пайымдауымда, қазақтың классикалық дәстүрлі көшпелі қоғамында қазақтар осылай ғұмыр кешсе керек.

Бұл ойдың орамын бүгінгі оқырман дұрыс түсіну үшін бір пікірмен толықтыра кету қажет. Мен үшін ата-баба рухына, аруаққа бас ию сезімдері олардың идеалын жалғастыру деген сезімдермен астасып кеткен. Ал ата-бабамыздың идеалы біздің бүгінгі өмір-тіршілігіміздің ең киелі ұстанымдарымен сай келіп жатыр.

Демек жеті ата институты қазақ халқының өткеннен болашаққа деген сенімінің сан ұрпақтар арқылы сабақтастырып отыратын тетік ретінде танылған. Ол отбасының, рудың, халықтың өмір-тіршілігінде жақсылыққа деген сенімін орнықтырып, пәтуа-бірлігінің ұйтқысы болған. Осылайша қазақтың нақтылы өмір-тіршілігіне тірек болған сенім мейлінше ықпалды да жаңашыл құралға айналған. Ұрпақтардың тікелей сабақтастығы арқылы беріліп отыратын мұндай

сенім өмір-тіршіліктің ойы мен қырында адамның ішкі қуатына айналып, өресін әлдеқайда биіктетіп отырған. Мұндай сенім сыртқы дүлей күштің зорлық-зомбылығы тудырған қиын кезеңдерде жеке адам мен тұтас халықтың таңдауының тарылмауына, ойынан адаспауына, жүрегі мен арының таза болуына, сол арқылы тарихтың небір қиынқыстау тәлкегінде дұрыс жол тауып отыруға себепші болған.

Сонымен бірге ғасырлар бойы көптің санасына ықпал еткен бір қалыпты үлгі — уақыт өте келе күні өткен жөн-жораның, қатып қалған қасаң түсініктер мен мінез-құлық қалыптарының қордалана қатталуына да себепші болып отырған.

Қазақ қоғамы әлеуметтік-экономикалық және жалпы мәдени даму деңгейі жөнінен өзінің айналасындағы елдерден кейін қала бастаған кезде, сыртқы жау үстемдік алып, ішкі алауыздық ушыққан тұста, Ресей империясының отаршылдық тұзағына түскен кезеңде, тоқетері, осындай нәубетті шақтарда жеті ата ұстанымы халықтың ерік-жігерін тұмшалап, ғасырлап артта қалғанына мойынсұндырып, қорғаншақ етіп, ұдайы жеңілістің кермек дәмін татуды тағдырдың жазуына балатты. Мұндай сұмдық ахуал аттай 300 жылға созылды.

Сондай-ақ еуропацентристердің және олардың сойылын соққан кеңестік насихат пен ғылымның көшпелілер тарихын саналы түрде кемсітуі, көшпелілерді бейғам, жалқау, ынта-

жігерсіз, жартылай жабайы тірлік құрушы халық етіп көрсетуі қазақтың ұлттық сана-сезімін күйретіп-құртатын рөл атқарды. Сондықтан әділдікке дес берер болсақ, біздің алдымызда төл тарихымызды қалпына келтіріп, оның жетістігі мен кемшілігін, жеңістері мен жеңілістерін барша шындығымен көрсету міндеті тұр.

Үшіншіден, жеті ата ұстанымдары, туыстық байланыс институттары бабалар рухының алдында әрбір қазақ пен бүкіл халықтың іштей жауапкершілік сезімін оятып отырған. «Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы». Көшпелілердің осынау өмірлік ғажайып психологиясы ғасырлар сынынан өтіп, шегіне жете шыңдалған. Бір ауыз сөздің аясына сахара төсіндегі мінез-құлық, салт-жора, моральдық-этикалық сапа, адамдар арасындағы қарым-қатынас қалыптары сияқты қасиеттердің баршасы шоғырланған. Жеті ата ұстанымын тұғыр еткен қазақтардың барша материалдық және рухани өмірі ру аралық қарым-қатынастың айнымас әдебіне бағынған. Сондай-ақ бұл ұстанымның аясына қазақ өмірінің қылдай ауытқымайтын моральдық кодексі де, салт-дәстүр мен тыйым-жораларының негізі де қамтылған.

Бір кездері орныққан сатылы ру-тайпалық қарым-қатынас, өмір ілгері дамыған сайын, жаңа жағдайларға жауап бере алмайтын және нақтылы күштермен терезесі тең келмейтін қасаң да күні өткен құрылымға айнала бастаған.

Жегжат-жұрағаттардың, сондай-ақ ру аралық туыстық қарым-қатынастардың құқықтары мен

міндеттері, сый-сыяпаттарының деңгей-дәрежелері, қадір-құрметтерінің шек-шекаралары, тыйым-талқыларының ауқым-аясы әрбір адамға арналған қатал әдепке бағынып отырған. Мінез-құлықтардың өзара міндет-деңгейлері, қарым-қатынастың қылық-қасиеттері, киіз үй ішінде дастарқан басындағы орындары, әрбір қонаққа көрсетілер құрметтің кезек-тәртібі, тіптен сыйсыбаға тағамдарының түр-түріне дейін, бәрі-бәрі сараланған. Қысқасы, өмірдің барлық сәтіне орайластырылған құқықтар мен міндеттер болған. Мұндай құқықтар мен міндеттер жүйесі біртұтас әдеп деңгейінде көрініс тауып отырған. Мұның бәрі біздің бабаларымыз болып келетін далалық көшпелілер өмірін іштей реттеп отыратын парасат қайнарына айналған.

√Туыстық қарым-қатынас қалыптары күнделікті моральдық санаттан бірте-бірте заңдық мәртебеге ұласқан. √Жаза әр түрлі болған, ең ауыр түрі — айыпкер туған жерінен қуылып, іс жүзінде бір туған гипертотбасынан аластатылып отырған. Дені дұрыс адам үшін мұнан ауыр, мұнан масқара жаза болмаған.

Солай бола тұра сыбайластыққа да саңылау қалып отырған. Айталық, жеке адамның немесе бір топ адамның ісі оң болғанымен, нақтылы жағдайда тұтас рудың мүддесімен сай келмей жатады. √Мұндайда ақиқат шындық пен қатып қалған рулық мораль институтының арасында қайшылық туады.

Төртіншіден, жеті ата ұстанымы, туыстық

байланыс институты әрбір қазақтың, бүкіл халықтың бойына еш мәжбүрлеусіз мейлінше тегеурінді рухани бірлік сезімін терең сіңіріп отырған. Бір қарағанда жеті ата ұстанымы қарапайым болып көрінгенімен, отбасылық-туыстық етенелікті тірек еткен этникалық тұтастықтың қуатты арқауы, тапжылмас темірқазығы болған. Күні бүгінге дейін сахараның жазылмаған заңы бойынша жеті атаға дейін бір-бірімен үйленуге рұқсат етпейтін қазақтан басқа жер бетінде бірде-бір ел жоқ. Міне, қазақ халқының даналығы тудырған қуатты генетикалық тамыр қайда жатыр.

Бір рудың жеті атаға дейінгі өкілдері тек басқа рудың адамымен бас құрай алады. Сол себептен де, сахараның әр шалғайынан ұшырасқан екі қазақ міндетті түрде туысқан болып шығады. Киіз туырлықты қазақтың өніп-өскен тамыры бір. Бұл ретте, қай буында ілікшатыс болғаныңды тәптіштеудің қажеті жоқ. Осы ұстаным бүкіл қазақтың басын қосқан.

Бір отбасының балалары, жеті атадан кейін, әрқайсысы бір-бір іргелі руға ұласқан. Мәселен, әйгілі батырымыз Қанжығалы Қарт Бөгенбайдың кіндігінен тараған ұрпағы 1932 жылғы ашаршылыққа дейін 552 отбасын құраған. Бұл, шынында да, іргелі бір ру деген сөз.

Ұзатылған қыз келін болып түскен жеріне өз елінің диалектісін, отбасының жылулығын, мейірбандығын, дәстүрін, әнін, биін, аңыз-әпсанасын, тігіншілік-тоқымашылығын, қолөнерін,

тамақ дайындау тәсілдерін — былайша айтқанда, өзінің өскен ортасының барша ерекшелігін өзімен бірге ала келген. Бүгінгі байтақ мекенді қоныс еткен біздің мемлекетіміздің салт-дәстүрі мен тіліндегі тұтастықтың, диалектінің жоқтығының сыр-себебі осында емес пе екен?!

Сонымен бірге ұзатылған қыздың басқа руға келін болып түсуі отбасылық мейірім мен бала тәрбиесінің де сол ортаға жұғысты болуына себепші. Қазақ қыздары мен аналары өз жүрегіннің от-жалынымен, мейірім-шапағатымен қазақ халқының ұлттық сезім-түйсігін, мәдени-рухани біртұтастығын елеусіз ғана шыңдап отырған.

Әрбір қазақ өз қандастарының арасында туысқандық парызын неғұрлым терең тамырластықпен сезінсе, солғұрлым жақын-жұрағатының аясы кеңейіп, өзгелердің де оған деген мейірім-шапағаты молая түседі. Мұндай қарым-қатынастың аясы отбасы мен рудан әрі асып, тайпалық, жүздік, одан әрі бүкіл халықтық өремен астасып кетеді.

Жеті атаға толып, өсіп-өнген аталар рулы елге ұласу рәсімін жасап, толыққанды ру санатына қосылып отырған. Мұндайда ақсақалдар жеті рудан куәгер шақырып, боз жылқыны құрбандыққа шалып, бірлік-пәтуаға берік болу үшін бармақтарын қанға батырып, жаңа рудың таңбасын белгілеп, ұранын атаған. Сол арқылы, енді отбасы аясында емес, жаңа ру ауқымындағы жаңа сезіммен қауышқан. Себебі жеті атаның тамыры бері қойғанда жеті рулы

елмен жалғасып жататыны белгілі. Сөйтіп бәйтеректей қазақ жұртының бұтақтары енді өзара біте-қайнасып өсе бастайды. Осылайша, бір рудың көгеріп-көктеуі табиғи жолмен бүкіл халықтың көгеріп-көктеуіне ұласады. Өз кезегінде халықтың сезімі мен қуаты рудың да сезімі мен қуатын арттырып отырған.

Сөйтіп, біз байқағандай, жеті ата ұстанымы, рулық байланыс институттары әрбір қазақ пен бүкіл қазақ халқын шындыққа, тәңірге және рухани біртұтастыққа бірте-бірте ынтызар етіп, біржолата айнымастай ұйыта білген. Мұндай ұстаным халықтың өзін-өзі шыңдау болмысына Сана, Сезім, Ар-ұят және Махаббат сияқты мейлінше мәнді төрт қасиетті дарытқан. Халық Рухын тән тоятынан жоғары қойғызатын тетіктер де осылар.

Міне, дәстүрлі көшпелі қоғамдағы қазақтардың қадір-қасиетінің негізгі айғақтары осылар. Әрине уақыт өте келе бұл қасиеттер елеулі өзгерістерге түсіп, жаңа сапаға ұласты.

* * *

Қазақстан аумағы отаршылдық құрсауына түсіп, орталық өкімет билігі бірте-бірте солғын тартқан кезде ру өкімет билігінің міндетін атқара бастады да, қоғамдық өмірдің ру ішіндегі де, ру аралық та көптеген мәселелерін реттеп отырды.

Алдымен отаршылдық арқылы, сонан соң кеңес өкіметі арқылы сырттан таңылған институттар ішкі ұлттық сұранымды қанағаттан-

дыра алмады. Рулық қарым-қатынас жүйесі бұл міндетті стихиялы түрде атқарды. Рулық қарым-қатынас жүйесі алдымен жеті атаның жалғасы ретінде жеке адамның «МЕН» дегізерлік өзіндік орнын анықтап, содан соң аз аядағы рудың, содан соң аймақтық көлемдегі тайпаның, одан әрі ірі-ірі жүздік құрылымдардың, сөйтіп бүкіл ұлттың деңгейінде ықпалын жүргізе алатын болып шықты.

Мұның өзі жер басып жүрген әрбір қазақтың тарихи, мәдени жадының жаңғыруын, бүкіл Ұлы Даладағы жер басып жүрген әрбір қазақтың барша қазақ тарихымен әрі диахронды, әрі синхронды байланысының болуын қамтамасыз етті.

Рас, Алтай тауларының сілемін қоныс еткен қарапайым қазақ батысқазақстандық қазақтардың ру-тайпасын таратып бере алмауы әбден мүмкін, алайда ол өңірде Кіші жүздің қазақтары өмір сүретінін жақсы білген. Сол арқылы әрбір қарапайым қазақ, рулық қарым-қатынас жүйесінің арқасында, байтақ қазақ даласын бір ғана қазақ халқының мекен-тұрағы ретінде ой көзімен шола алған. Сонымен бірге өзін сол байтақ әлемнің жеке тұлғасы ретінде сезініп-түйсінген.

Ұлттық-мемлекеттік институттарға жат жүйелер қазақтың жалпыұлттық тұтастығын дамытпаған, керісінше рулық бөлік институттарын ұлтты ыдырататын тетік ретінде пайдаланған.

Соған қарамастан рулық бөліктер ұлттың этноәлеуметтік жадын сабақтастыруда санаулы ғана тетіктердің бірі болып қалған. Иә, бұл жерде этносқа қатысты емес, ұлтқа қатысты айтылған сөз тосаңдау естілуі кәдік, алайда ұлтқа қатысты екенін қайталап айтамыз. Айтары жоқ, қазақ тарихының ғажайып шындығы осындай.

Ұлттық мемлекеттің жоғалуы халықтың ұжымдық жадының жоғалуы емес, оның өзін-өзі танып-түсінетін біртұтас тарихи субъект ретінде тарих сахнасынан түсуі де емес.

Қазақ халқының этномәдени тұтастық ретінде сақталуы — тікелей рулардың этноұжымдық жадының арқасы. Әрбір қазақ арқылы, олардың «МЕН» дегізерлік жеке басы арқылы жүзеге асқан осынау «этнологиялық жетігу» операциясы қазақ халқының және оның тәлкекке түскен тарихи тағдырының мәжбүрлі қажеттілігі болған.

Қазақ халқының институттанған болмысы қатерлі шекке дейін құлдыраған. Бұл сияқты қауіпті кезеңде ұлттық-мәдени өзін-өзі сақтау институтының қызметін ұзақ уақыт бойы ру институты атқарды.

* * *

Қазіргі этнос ішіндегі дәстүрлі байланыстың көмескіленуінің негізінде ең алдымен тарихи себептер бар.

Мұның түпкі тамыры қазақтың өткендегі

этномәдени жүйесінің ерекшеліктерінде жатыр. Қазақтың классикалық этномәдени жүйесі бойынша жеке тұлғаның қалыптасуы рулық қауым аясында өткен. Әскери-көшпелі демократиялық институтқа қарамастан рулық қауымдағы адамның мінез-құлқы қатаң қадағаланып, сатылы бағыныштылық сақталған.

Қазақ этножүйесіндегі сатылы бағыныштылықтың жанама айғағы ретінде — қызмет етуге мойынсұнған төлеңгіттер институтының болғанын айтуға болады. Хан-сұлтандар мен ықпалды да шонжар байларға қызмет еткен төлеңгіттердің ішінде де мейлінше ауқаттылары болған.

Сонымен бірге төлеңгіттер әлділерге қызмет ете бастаған соң-ақ өзінің ру құрамындағы құқығын да жоғалта бастаған.

Қандас-руластарының сатылы жүйесінен тысқары қалған адам өз руластарының көмек-қолдауын, яғни горизонтальды ынтымақтастығын жоғалтқан. Мұның өзі вертикальды сатылы жүйе бойынша басқа рулармен толыққан кезде де горизонтальды ынтымақтастық жүйесінің реттеп отыратын қасиетін жоғалтуға себепші болған. Мұндай аралық ахуалға тап болған адам ұдайы арадара күй кешкен.

Яғни сатылы туысқандық аясынан шығу арқылы адам азаттығы, оның өзіндік болмысы шектелген деп қорытынды шығаруға болады. Бұл дегеніңіз, адам азаттығының өзі тек ру

аясындағы сатылы қалыпта ғана мүмкін болады деген сөз.

* * *

Рулық қайшылықтарды пайдаланудағы империялық саясаттың да рөлін елемеуге болмайды. Нақтылы тарихтың айғағы бойынша Ресей отаршылдығы мәжбүрлеумен және зорлықпен, тұрақты түрде және кезең-кезең бойынша жүзеге асып отырған. Бұл да қазақ ұлтының ішкі қайшылықтарына себепші болған.

Азаттықтан біржола айырылу дәстүрлі өмір салттың экономикалық негізін шайқалтты. Қалыптасқан жергілікті өкімет институттары жойылды, хан-сұлтандар институттары өзгертілді.

Ел іші саяси-әкімшілік бөлікке бөлінді. Сөйтіп отаршылдықтың «бөліп ал да, билей бер» саясатының объектісіне айналды.

Қазақ халқының ұлт-азаттық күресін әлсірету үшін патшалық құрылыс ру аралық қырбайлықты қоздырып отырды. Әсіресе лауазым иелерінің сайлауы кезінде әр рудың өкілдерін бір-біріне айдап салды.

Бұл жөнінде тарихи және көркем шығармаларда аз жазылған жоқ. Патшалық құрылыстың бұл саясатын қазақ халқы әлі де ұмытпаған. Мұндай иммунитетті алдағы уақытта да сақтай білген жөн. 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы», 1824 жылғы «Орынбор қазақтарын басқару туралы» реформалар

көшпелі жұртшылықтың шабындық-жайылым алқаптарын зорлықпен тартып ала бастауға негіз салып беріп, мұндай зорлық аттай бір ғасырға созылды. Далалық өңірлерге жаппай қоныс аударғандар дәстүрлі көші-қон аймақтарын айтарлықтай тарылтып, халықтың негізгі бөлігінің күнкөріс көзі болып отырған мал шаруашылығына жойдасыз зиян келтірді.

Патшалық құрылыстың қоныс аудару саясаты қазақ ұлтының этникалық аумағының ұдайы тарылуына себепші болды.

Бұл дегеніңіз, қоныс аударушылар орналасқан жерлерде этноәлеуметтік организмді дәрменсіздендіріп, «этникалық сабақтастықты» жоғалтты. Мұның өзі қазақ халқының тұтастануын тежеді.

Әлеуметтік-этникалық қоғамдасу барысында этникалық ахуалдың белгілі дәрежеде өзіндік даму логикасы болады. Әлеуметтік-этникалық қоғамдасудың генезисінде әлеуметтік және этникалық тараптардың бір-бірімен үйлеспей, белгілі дәрежеде, этносты құраушылардың дәрменсіздігіне және селқостығына байланысты. Этникалық параметрлер ауысуының айқын артта қалуын аңғартатын бұл құбылысты әлеуметтік құбылыстармен салыстырғанда «этникалық сүйретінді» деп атауға болады.

Бұдан шығар қорытынды, нақтылы этностың этногенетикалық дамуы қай деңгейде екенін таныта алатын «этнотарихи ғұмыр» әр

түрлі халықтардың әлеуметтік-тарихи бір уақытта және бір қоғамда қатар өмір сүре алатынын көреміз.

* * *

Алайда бүгінгі дербес мемлекеттіктің алғашқы кезеңі тудырған жалпылық желіктің нәтижесінде, ұлттың өзін-өзі тануға деген ынтасының қарқын ала бастауына шалағай мамандар араласқан кезде өзінің өткенін білуге деген табиғи ұмтылыстар, түптеп келгенде, әркімнің ойына келгенін бопсалап соғуына, өзін-өзі дәріштеп, өзінің ата-тегін асқақтатуға тырысушылыққа алып келіп отыр.

Бұл ахуал Қазақстан азаттығының алғашқы екі жылында айрықша етек алды. Ұлттың этногенезі мен тарихын өз «руының төбешігіне» шығып алып жазатын тұрпайы тарихшылар қаптап шыға келді.

Сонымен бірге мұндай үрдістің жағымды жақтары да болды. Жинақталған деректер, Қазақстанның нақтылы аймақ-өңірлерінің тарихы бойынша алғашқы қорытындылаулар ғылыми ұжымдардың сыни зердесінен өткен соң, Қазақстан тарихына қатысты іргелі зерттеулерге негіз болуға тиіс.

* * *

Бүгінгі рушылдық көріністері — бұл қазақ халқының этногенетикалық даму жолындағы артта қалған кезеңдердің жаңғырығы. Ұлт ал-

дындағы міндет — осы жаңғырықты біздің халықтың бірлігіне жарата білуде болса керек.

Қазақ халқының басым бөлігі, әсіресе жалпы әлеуметтік-саяси қалыптар мен құндылықтарды парықтауда, өкімет туралы және оған ие болу мен оның игілігін көру жолдарын пайымдауда саяси мәдениетінің біртектілігімен ерекшеленеді.

Осы орайда мына сияқты жалпы әлеуметтік-саяси қондырғыларды атап көрсетуге болады: ұлттық мемлекеттілік; бірыңғай (унитарный) мемлекеттік-саяси құрылым; республика аумағының біртұтастығы; ел шекарасының мызғымастығы; президенттік басқару үлгісі; қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуы.

Жат жұрттық басқыншылармен болған соғыстарда ауыр қырғынға ұшыраған, 30-жылдардағы этноцидтің қаһарына қасқайып қарсы тұрған, тоталитарлы ғасырды бастан кешсе де мойымаған ата-бабаларымыз іс жүзінде қазақ ұлтының мүддесін қорғауға тиісті мемлекет құру мүмкіндігін ғасырлар бойы дайындады. Енді бүгінгі таңда қазақ халқы келісті ғұмыр кешпелі мемлекет құру жолында өз ішіндегі ара-дара келіспеушіліктің салдарынан қарқынын тоқыратып алса, мұны еш нәрсемен ақтауға болмайды.

* * *

Арифметикалық есеп сияқты емес, тарихта тоқетер жауап бола бермейді. Сондықтан біз артта қалған рулық институттардың жағымды

жақтарын қаперде ұстай отырып, бүгінгі тарихымызда рушылдықты қоздыратын жағымсыз жайларды да дәл парықтап отыруымыз керек. Демек не жетесіздігі, не қаскөйлігі иектеген кейбіреулер сияқты, қазақ проблемасын алаулатып-жалаулатудың қажеттігі жоқ.

Түптеп келгенде, көптеген қарапайым қазақтың өз тегіне ден қоюы қазақ ұлтының төл болмысына тән танымға деген іңкәрлігіне байланысты. Мұндай іңкәрлік азат мемлекет аясында одан әрі дамып, әр түрлі қиындықтармен беттескенде кім-кімнің де парасат-пайымына бағдаршы болып отыруға тиіс.

* * *

Тарихтың бізге бұйыртқан сыбағасына жеңіл-желпі қарауға болмас. Уақыт дегеніңіз жүрдек, маңдай тіреген мың сан сұраққа әрі дәл, әрі жылдам жауап беру қажет. Сол сұрақтардың ішіндегі ең маңыздысы ұлттық пәтуа-бірлік болса керек. Әрине, экономиканы жаңаша жүргізу де, сыртқы саясат та, қорғаныс мәселесі де мәнді. Алайда осы жерде біздің жүрегімізді басқа бір гәп тербейді, атап айтсақ — ұлттық сана, яғни ұлттың жан-жүрегі не күйде деген мәселе.

Қазақстанның мемлекеттігін нығайту жолында өзінің мемлекетіне деген терең патриоттық сезім де, жалпылық сананы жетіктірудегі қазақ тілінің тірек боларлық рөлі де, бас көтерер азаматтардың айқын мақсатты әрекеттері де, тарихи сананы қалпына келтіру

де... бәрі-бәрі барша қазақ ұлтының басын біріктіретін бастаулар болып табылады.

* * *

Біз қалаймыз ба, қаламаймыз ба, әйтеуір бүгінгі өмірдің заңы бойынша ғұмыр кешу маңдайымызға жазылған. Сонда қайтпек керек — «жанды» тарихтың дем-тынысынан санамызды алып қашып, қазіргі нарық пен технологияның талғам-талабына амалсыз мойынсұнған халде өмір сүреміз бе, жоқ әлде ғасырлар сынынан өткен мәдени болмысымызды сақтай отырып, тек қана терең таным-түсінігіміз хош көрген жолды таңдай отырып, мифологиялық өмірде емес, бүгінгі өмірмен үзеңгілес ғұмыр кешеміз бе? Тәрізі өмірші уақыт әлдекімнің қалауын қаперіне де ілместен өз дегенін жасайтын болар.

Иә, солай боларын қазірдің өзінде көз көріп отыр. Сондықтан жалпылық сананы жаңғырту тактикалық саяси міндет емес, бүкіл ұлттың ауадай қажет талабы болса керек;

Бұл проблема бүгінгі таңда, ұлттық сана кейбір ымырашыл (либеральный) идеяларды үстірттеу игерген қалпында социалистік және дәстүрлі көзқарастардың қойыртпағы болып отырған кезде айрықша мән-мағынаға ие. Қарапайым ақиқатты түсінетін мезгіл жетті, жаңғырған сана әсте ұлттық аңсарға қайшы келмек емес. Керісінше, ұлтымыздың «МЕН» дегізерлік қасиетін сақтауға жаңғырған ұлттық

сана ғана кепіл бола алады. Әсілі, қазіргі кәріс пен ағылшынды немесе жапон мен французды бір-бірімен ешкім де шатастырмаса керек. Сөз орайында айта кетуге болады, соңғы онжылдықтарда жапон мен кәріс ұлттары сәтті жаңғыруларды бастан кешті. Бұл сияқты жалпыұлттық және жалпытұтастану міндеттері ғасыр соңындағы қазақтардың да алдында тұр.

* * *

Мемлекеттік құрылыс та немкетті қарауды мүлде көтермейді. Бұл — ұлттың өзін-өзі тануы жолындағы өте ауқымды әрі ұзақ мерзімді қамтитын аса күрделі жұмыс.

Бәрін де тарихтың сый-сыбағасы деуге болар, алайда жан-жүрегінің аңсары болған азаттықты ешкім де сыйға тарта алмайды. Азаттық дегеніміз бұл әлемдік тарих толқынында өзінің субъектілік құқығын сезінетін және оған жауап бере алатын халық болмысының жалғыз ғана үлгісі. Бұл мәселеге қасаң қағида тұрғысында қарауға болмайды. Өмір де, халық та, сол халықты құрайтын адамдар да өзгеріп отырады.

Институттанған ахуал дегеніміз тарих толқынында емін-еркін ниет танытып отырудың абсолютті қажеттігін сезінген халықтың ішкі әлеміндегі терең өзгерістерді сырттай тіркеп отыру ғана емес. Мемлекеттікке негіз салып берген халық ел ішіндегі ахуалдың бүгіні мен болашағы жолындағы жауапкершілікті арқауға да дайын болуы керек.

Егер біздің халқымыз бүгінгі таңда басымыздан кешіп отырғандай жаңа мемлекеттің орнығар дәуірінде ұдайы болып тұратын қиындықтар мен мұқтаждықтарға және сонымен үндес тарихтағы терең өзгерістерге төтеп бере алмаса, онда берік мемлекеттік туралы үмітіміздің күйреу қаупі алдымыздан шығады. Сонымен бірге ұлтымыздың да өзін-өзі ара-дара етіп, қожырап тынуы мүмкін.

Азаттықты адамдардың өздері сомдайтынын тағы да қайталап айтамыз. Демек жауапкершілікті әлдебіреуге ысыра салудың еш қисыны жоқ. Және әрбір қазақ — осы азаттыққа лайықпын ба, осы ахуалдың мән-маңызын танып-түсіндім бе, қандай міндет-мақсатқа ден қоюым қажет деген сұрақтарды өзіне-өзі қоя білгені жөн. Сондықтан бүгінгі таңда: «Қазақстанның, туған елімнің және өз халқымның азаттығы үшін мен қандай үлес қостым?» деген сұрақ ділмарлық та, тыраштанушылық та болмауға тиіс. Біз алдымен өз басымыздың саналы да әрекетшіл ұмтылыстарын таныта алсақ қана, ондай жауапкершілікті өзгеден де талап етуге хақымыз болады. Азаттық жолындағы Қазақстанның әлі талай-талай қиын кезеңдерден өтуіне тура келеді.

Бүгінгі әлемдік ахуалды да мамыражай деп айтуға болмас. Бізге мұның да әсер-ықпалы бар. Ұлттың түпкілікті мүдделерін жүзеге асыру үшін даналыққа, табандылыққа және биік мұраттарға негізделген басшылық қажет.

Дегенмен, қалай да мемлекеттік құрылыс мәселесі тек қана бюрократияның құзырындағы шаруа деп есептеу оңайдың оңайы. Алайда бұл жолмен ешқашанда нақтылы азаттыққа қол жеткен емес. Бұл қашанда ұлттың, жалпыұлттық қарымның ісі болып отырған. Бүгінгі таңда, ұлттық тұтастығымызға тұғыр болатын азат мемлекеттігіміздің құрылысын беріктей түсуден мәнді мақсат та, міндет те жоқ.

Тарихи тек-тамырыңның тереңнен бастау алғанын таныш-түсіну, ата-бабаның шапағаты мол шабытты істерін заңды мақтаныш ету, тоталитарлы кезеңнің зардаптарынан арылу, сөйтіп тарихи сананы уақыт талабына сай қалпына келтіру ұлттық тұтастануға тегеурінді серпін беруге тиіс.

Өз кезінде еуропалықтар қалт-құлт еткен кемемен ұшы-қиырсыз су айдынына шығып, беймәлім дүниеге бет түзеп еді. Олар өздерінің ұлттық кеңістігін мейлінше аз уақыт аясында кеңейтіп алды және ұлттық құрылыс жолында мұншалық аршынды адым жасауға төл тарихының ұлылығын танып-түсінудің шапағаты аз болған жоқ. Бұл — су үстінде болған хикмет...

Мұндай мәселені біздің бабаларымыз да сәтiмен шешкен — талай халықтардың басын қосты, тарихтың кеңістігі мен уақытын дегенiне көндiрдi. Бұл жер бетiнде болған хикмет едi...

Бiздiң бабаларымыз қиял жетпес қияндарға жүрiп-түрған. Және мұндай жүрiп-түруларын

қазіргі көліктердің жоқ заманында жүзеге асырған! Сөйтіп олар бүгінгі аса іргелі ұлттардың этногенез мәселесіне де араласқан. Олар өздерімен әріптес болған халықтардың көзін ашып, оларға салт-дәстүрлерін, шаруашылық үлгілерін, діни танымдарын жұғысты етіп, өздері туып-өскен аядай ортасы ғана емес, байтақ Еуразияның табиғаты туралы таным-түсініктерін кеңейткен. Ол кездің барша рухани тыныстыршілігі біздің бабаларымыздың мифтері мен әпсаналарына толы болған. Бұл дәуірлерде көшпелілердің мерейі үстем болғандықтан, олардың төлтума болмысы да көбірек көрініс тауып отырады. Далалық ақсүйектер мен қатардағы көшпелі-сарбаздың таным-зердесі мындаған шақырым шалғайдағы өңірлердің біртұтас бітім-болмысын, мәдени қалыптарын, мемлекеттік жүйелерін, салт-дәстүрлерін, халықтардың айырым-ерекшеліктерін тани білген.

Бұл түсінікті де, көшпелілер биыл Алтай мен Алатау бөктерін қоныс етсе, келесі жылы Кавказға, одан әрі Литваға тұяқ ілкірткен. Соның бәрінде де олар халықтар мен мемлекеттердің тағдырындағы елеулі істерге араласып отырған. Осынау, сананы сан-саққа жүгіртетін ғажайып жағдайлар ғасырлар бойы басқаша жорылып келгенмен, бұрын-соңғы ғылыми ізденістерге бұлтартпас айғақтармен мәлім.

Тарихтағы өз орныңды білу, бабаларыңды ру төмпешігінің деңгейінде емес, жалпыұлттық өреде мақтан тұту, ұлан-байтақ Еуразия тари-

хында ұлы істерге ұйытқы болған қазақтар мен олардың бабаларының өзіндік орнын танып-түсіну, ұлттық қадір-қасиетінді қорлайтын жаттанды жалалардан арылу, міне, ұлттық тұтастыққа кепіл болатын бүгінгі күннің ең қуатты тетіктері осылар! Түптеп келгенде, күні кешелер ғана басқа этномәдени жүйенің ықпалында болған кейбір қазақтарымыздың мәдени дүбәралыққа (маргинализация) ұрынуы негізінен төл тарихын парықтай алмағандықтан. Ұлт ішіндегі мәдени қасаңдықтан құтылудың басты жолдарының бірі — ұлттық тарихқа заңды мақтаныш көзі және мәдени таным-түсініктің тірегі ретінде қарататын біртұтас көзқарас орнықтыру болса керек.

* * *

Әрине ең бір қиын кезеңдерде ұлтты қожыратпаудың қуатты қаруы болған қазақ тілі бүгінгі азат өмірімізде де ұлтты тұтастандырудың тетігі болуға тиіс.

Байтақ алапта бастау тегі мейлінше байырғы, мазмұн-мағынасы мейлінше төлтума қазақ мәдениеті, ешқандай әсіре сөзсіз, жиырмасыншы ғасырда жойылып кетудің аз-ақ алдында қалды. Ұлт болмысының өзекті тірегі болып табылатын тілдің этномәдени айғақ екеніне шәк келтірілді. Бұрынғы ұлылардың бірі тілді туындатушылар мен жоғалтушылардың ортасында сол тілді ұқсата алмаушылар бар деген. Сондай-ақ бұқара жұртшылық деңгейін-

дегі ішті де икемді тіл, ұлы философтар мен ақпа ақындардың тілі, көшпелілер өмірінің сан ғасырлық және сан-сала тәжірибесін тал бойына сіңірген тіл, мәңгілік жұлдызды аспан-ның ғарыштық суретін көкірегіне қондырған көшпелінің қиялына қолғанат болған тіл, ақыр аяғында тұтынуға жарамсыз бола жаздады.

* * *

Қазіргі Қазақстанда қазақ тілін жаңғырту мәселесі тек қана қазақ халқына қатысты проблема емес. Бұл ретте, тілдің тұтынылу аясынан тысқары тұрған үш түрлі жағдайға ғана тоқталуға болады.

Біріншіден, қазақ тілі өзінің барша құдірет-қуатымен әлемдік тіл кеңістігінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақ тілінің жетістігі — украин, өзбек және орыс тілдерінің жетістігі сияқты, бүкіл адамзатқа ортақ мән-мазмұндық байлықтың бір бөлігі. Әлем халықтарының бірде-бірінің сөздігінде ұшыраспайтын, тек қана қазақ тілінің мүмкіндіктері арқылы нақтылы құбылысты танып-түсінуге болатын сөздер бар. Қазақ тілін дамыту дегеніміз жалпы гуманитарлық тұрғыдағы қуатты қаруды шыңдау деген сөз, қоршаған ортаны парықтап-бағалаудың бір құралын жетілдіру деген сөз.

Нобель сыйлығының лауреаты, ағылшын және орыс тілдерін терең білетін ақын Иосиф Бродский осы екі тілдің алғашқысын атпал азаматқа, соңғысын бозбалаға теңесе керек. Бәлкім

таза филологиялық өлшем тұрғысынан, содан соң аспандап кететін арқалы ақын өресінен қарағанда мұндай теңеулерде қисын болар. Алайда қарттың дана толғамдарынан бастап жастың жалынды лебізіне дейін, күнделікті өмірдің мамыражай тұрмысындағы қуаныш сәттерінен бастап ақыр заман туралы болжамдарға дейін бейнелеуге келгенде әрбір халықтың тілі өзінше оралымды. Егер Пушкиннің тілі Шекспирдің тіліне қарағанда кедейлеу десе, мейлі лексикалық мүмкіндіктеріне таза есеп жүргізіп анықтатанның өзінде, мұндай пікірмен бірде-бір орыс келіспес еді. Әрі-беріден соң, мәселе онда да емес, әрбір халықтың нақтылы мәдени-тарихи тәжірибесін бейнелеуге және сезінуге келгенде сол тілдің мүмкіндігі сайма-сай болуы керек. Біз бұл мәселені, қазақ тілі дүниеге келген атамекенде және сол тіл жан-жақты дами алатын атамекенде ұдайы қаперде ұстауға тиіспіз.

Екіншіден, қазақ тілі — ұлт болмысының бір көрінісі. Қазақ санасының көз көріп отырған, ойдан шығарылмаған драмаларының бірі — қазақтардың бір бөлігінің ана тілін толық білмейтіндігі. Ана тілін толық білмесе де, ұлттық сана-сезімін сақтай алып отырған мысалдар әлемде кездеседі. Алайда мұндай ахуал әдетте этникалық Отанында емес, отаршылдықтың зардабынан жасанды ассимиляцияға түскенде немесе этникалық диаспора жағдайында көрініс тауып отырады.

Этникалық тұтастықтың түп негізі тіл бол-

са, ондай тілсіз ұлттық тұтастықтың да болуы мүмкін емес. Бүгінгі азғана шоғыр қазақ қажет деңгейде ана тілін білмегені үшін жазықты емес. Көнігі оралымдылыққа, ақпараттық мүмкіндікке көп ретте орыс тілі қолғанат болып отырды. Былайша айтқанда, бұл артта қалған тілдік саясат дәуірінің іздері. Ал бүгінгі таңда ана тілін білу әрбір қазақтың парасаттылық және ұлттық қажеттілігі болып отыр.

Мәселен, дүние жүзінен Израильге келген еврейлер ана тілін қайта жаңғыртуда. Бір кездері ұмыт болған фламанд, саха (якут) тілдері қазір мемлекеттік мәртебе ала бастауда. Мұның бәрін ұлтшылдыққа саю ақымақтық болар еді. Бұл — ұлтты өз ішінде ұйыстырудың әмбебап тәсілі.

Әрине емтиханға үш күн қалғанда қынжылып отырып жаттайтын студентке ұқсап тіл үйренуге болмайды. Сондай-ақ қайдағы бір объективті қиындыққа жүгінуден де нәтиже шықпайды. Ана тілін білу қажет. Мемлекет қазақ тілін дамыту үшін, ең бастысы, институттанған мүмкіндіктер жасап беріп отыр ғой. Атап айтқанда, тіл мәртебесін конституциялық жолмен орнықтырып беру, білім жүйесіндегі тегеурінді ұмтылыстар, қазақ тілінде толықан ақпараттық орта жасау. Мұның бәрі де осы онжылдықтың бас кезінде жоқ болатын.

Кезінде біздің әкелеріміз бен аталарымыз, тек зиялыларымыз ғана емес, миллиондаған қазақ, тіптен бүкіл қазақ халқы десе де бола-

ды, мейлінше сирек кездесетін қостілділік құбылысын орнықтырып, орыс тілін меңгеріп алған еді. Бүгінгі міндет мұнан гөрі қарапайымдау — қазақтардың біраз бөлігі қазақ тілін тұрмыстық деңгейде ғана емес, толық меңгеруі керек. Бұл мәселеде қара аспан төндірудің еш қажеттігі жоқ. Тек ана тілін табиғи қалпында меңгерген қазақ ұлтының басым көпшілігінің тарапынан шыдамдылық қажет, содан соң ана тілін өз еркінен тыс жағдайларға байланысты еркін меңгере алмай қалған және соның салдарынан өздерін қолайсыз сезінетіндердің тарапынан білмекке деген нақты ұмтылыс болу керек.

Үшіншіден, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі болғандықтан, ол еліміздің барлық жерінде қолданылатын тіл болып табылады. Қазақстан азаматтарына бұл тілді меңгеру үшін институттанған ең басты мүмкіндіктер жасалған.

Әрине Қазақстанды қоныс еткен барлық ұлттардың өкілдерінен қазақ тілін ана тілдеріндей меңгеруді талап етудің қисыны жоқ. Бірақ негізгі мемлекеттік тілді бірте-бірте меңгеру де жалпыұлттық кірігу тетіктерінің бірі болса керек. Алайда бұл мәселені тек қана құқықтық тәртіп-талапқа тіреп қоюға болмайды. Оның бер жағында, бұл сияқты күрделі іске құқықтық шығармашылықты оңды-солды телудің қажеті де жоқ.

Таза іс жүзіндегі қажеттілік тұрғысынан

келгенде, Еуразияның мейлінше бай мәдениеттерінің бірі ретінде қазақ тілі мен мәдениетін саналы түрде игеруге дайын болудың да мәні зор.

Осы ретте, қазақтардың орыс мәдениетін игеруі тұтас ұлттың ақпараттық және білімдарлық кеңістігін кеңейтуде күдік-күмәнсіз жағымды құбылыс болғаны аян. Оның үстіне, бұл мәселе тек ақпараттық немесе білімдарлық ұтымдылықпен ғана өлшенбейді ғой. Он тоғызыншы ғасырдың ең ұлы роман тудырушылары тұтынған дыбыс пен ой орамдары, тілдің барша құрылым-құрылысы, біздің санамызды баураған Платон Каратаев пен Григорий Мелеховтар, Алеша Карамазов пен алыстағы атпал қарттар, міне, мұның бәрі де шын мәнінде ұлы мәдениеттің нұрлы шапағаттары болатын. Бұл құндылықтар орыс халқының шынайы қадір-қасиеттері мен орыс мәдениетін танып-түсінуде бұрмалауы жоқ қалпында қолғанат болды. Содан да болар, Еуропа халықтарының ішіндегі ең бір іргелісі болып табылатын орыстар туралы қазақтардың басым көпшілігі есесі кеткен естеліктерін айтып қыжылдамайды немесе сол кемтікті реставрациялауды да армандамайды, керісінше ұлт санасын орыстың гуманистік дәстүрі баурайды. Халықтарды өзара түсіністік негізінде жақындастыратын мәдениеттің шынайы мән-мағынасы осында болса керек

* * *

Атыс-шабысы жоқ мәдени төңкерістердің саяси төңкерістерден айырмашылығы бар. Кейде саяси зиялылардың ауыс-түйіс болып жататынына қарағанда мәдени төңкерістердің әсер-ықпалы әлдеқайда мәндірек.

Мәдени ауыс-түйістер нәтижесі ұзақ та іргелі негізде жүзеге асатын болғандықтан, оның күш-қуаты саясаттан гөрі басқарақ.

Біз кейде соңғы он жылдың аясындағы мәдени ахуалымызда түбірлі өзгерістердің болып жатқанына мән бермейміз. Уақыттың іргелі талғам-талабы бойынша ұстанымы жөнінен әр тарапты (плюралистік), мазмұны жөнінен мәмілеге келгіш, қызметі жөнінен көп тілді, мәдени үлгісі жөнінен көп дінді, нарықтық экономика мен сырттан ықпал ететін құндылық қыспағына төтеп бере алатын қажеттіліктерді қалыптастыру шарт. Уақыт пен жағдайдың көлденең тартқан талғам-талабын түсінбей тұрып, қалай болса солай мәдени үлгі жасауға болмайды.

Бұл ретте мәдени қызметтердің ұстанымдарын өзгерту ең өзекті мәселе болып табылады.

Біріншіден, бір ізді идеологияның құрсауынан бас тарту туралы. Бұл — конституциялық тұрғыда орныққан ұстаным. Қазір бұрынғыша біртұтас та қатал мемлекеттік идеологияны қалпына келтіру жөнінде сөз болғанда,

айтарыңды ашып айтқан жөн. Яғни ондай қауесет бойынша, жазалаушы саяси цензураны енгізу қажет, яғни мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарына тыйым салу қажет, яғни тағы да суреткерлердің үстінен саяси корректорларды төндіру қажет. Ғасырлық тарихта біздің мемлекет тұңғыш рет саналы түрде шығармашылық үрдістерге қысым жасаудың кез келген түрінен бас тартып отыр. Бұл — берік ұстаным.

Ал жалпыұлттық идеяға ұмтылу болса, бұл – басқа мәселе. Бірақ мұны тоталитарлық әдіспен жүзеге асыруға болмайды. Рас, жалпыұлттық идея сияқты біріктіргіш идея қажет, алайда бұл жөнінде сәл кейіндеу сөз болады.

Екіншіден, бүгінгі таңда қазақстандық мәдени үлгіні дамытудың алғышарттары әлемдік мәдени жүйеге қосылу, қазіргі өмірдің ашық та құпия тегеуріні мол жаңа мазмұнды ағымына ілесу, бүгінгі күннің проблемалық және құндылық кеңістіктерін игеру сияқты қажеттіліктермен анықталады. Мәдениетке деген «темір тор» қазір жоқ. Алайда геомәдени ақиқатты мойындауда, ұлттық аңсардан емес, тоталитарлық дәстүрге байланысты, белгілі дәрежеде жергілікті талғам-түсініктің бар екені де, одан арылудың мейлінше қиын екені де шымбайға бататын шындық. Оған қарағанда, «бү дүние не болып барады» деп ытырынып, қазіргі мәдени ықпал атаулыны көпшілік қолды өнерсымаққа тели салу оңай-

дың оңайы. Асылы, жойдасыз мәдени шығармашылық үрдісіне құшақты айқара ашу әлдеқайда қиын болса керек.

Үшіншіден, қазақ мәдениетінің де, Қазақстан аумағындағы этникалық диаспоралар мәдениетінің де даму барысы сапалық өзгерістерді бастан кешуде. Осы орайда, мәдени дәстүрді сақтауға байланысты да, азаматтық қауымдастық ретінде Қазақстан халықтарының жаңа құбылыстарға орай мәдени үндестігі жөнінен де толып жатқан проблемалар туындап отыр.

* * *

Мәдениет зерттеушілердің өздеріне тән кәсіби сөз орамдары бар, сондай сөз орамдарының бірі мәдениеттің екпіні деп айтылады. Мұны қарапайым тілге келтіріп айтқанда, дәстүрдің, талғамның, әдеттің, т. б. сабақтас-тығы дегенді білдірер еді. Шынында да, «Қаракөзді» білмеген, домбыра үніне ұйымған, жусанды даланың иісін аңсамаған қазақты қазақ деп айтудың өзі қиын-ау. Жалпыұлттық мәдени құндылықтардың осынау тетігі, яғни «сезім құралы» әрқашан да, әр жерде де, әр халық болмысы мен әр ұрпақ бойында да ұдайы сабақтасып отырады. Мұнсыз «ұлттық даралық» та, ұлттың өзі де болмақ емес.

Сонымен бірге біз ұлттық тарихтың бұрын-соңды із түспеген сүрлеуіне тұяқ іліктірдік. Біз тұңғыш рет экономикалық

тәртібі толық өзгерген, сонымен бірге тоталитарлы кезеннің белгісі өше қоймаған жағдайда демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құруға кірістік. Міне, мұндай ахуалда мәдени құндылықтар сабақтастығының бұрынғы тетіктері жаңа жағдайға бірден бейімделіп, бірден көндігіп кете алмайды. Себебі жаңа институттар ұлттық мәдениеттің барша байлығына өтеу болуға дәрменсіз. Ал бұрынғы тетіктер болса жаңа типті экономикалық және саяси талаптарға сай келмейді. Мұның өзі кейде шығармашыл зиялылардың түңілуі мен наразылығын оятып жатады. Бұл — өтпелі кезеңге тән сырқат.

Шын мәнісінде ең бір мәнді мәселелердің бірі ұлттық дәстүр мен қазіргі институттарды шендестіре сақтай білу болып отыр.

Сонымен бірге мәдениетке қамқорлық жасауда тоталитарлы тәртіптің тетіктерін тәу етудің де қисыны жоқ. Керек десе, тоталитаризм талай халықтың, соның ішінде қазақтың да мәдениетін дамытуға дем беріп еді деп ой өрбіту намысқа тиеді. Тап бір, халықтың рухани тарихында Шоқан, Абай немесе Құрманғазы болмағандай, одан әрі барса әлемдік даңққа бөленген Фараби, Йасауи, Қашғари сияқты жұлдыздар шоғыры болмағандай. Сонда қалай, егер тоталитарлы тәртіп болмаса, жиырмасыншы ғасырда қазақтар өздерінің мәдениеті туралы лебіз білдіруге жарамас па еді? Жарағанда қандай, ол былай тұрсын,

ғасыр соңында халықтың қандай рухани және білімдарлық биіктерге көтерілерін бір тәңір ғана білген болар еді.

* * *

Қарапайым шындықты түсінетін уақыт жетті. Идеологиялық тар көзді тордың сүзгісінен өткізілген ақпараттық бақылау құралдарын тоталитаризм әрбір жеке адам мен тұтас ұлттардың желкесіне төндіріп қойды. Иә, бұл үшін институттанған жауапты тетіктердің құрылғаны да рас, оған айтарлықтай ресурс бөлінгені де рас, біздің бүгінгі ресурстық негізіміз, уақытша болса да, айтарлықтай аз екені де рас. Алайда тоталитаризмнің мақсаты айқын да бүкпесіз болатын және ұлт мәдениеті деген мәселе бұл мақсаттың қаперіне де ілінбей қалатын. Осы күнгі емешесі үзіле еске алатындардың айтып жүрген азаттық дегені, түптеп келгенде, өмір бойы өзіңнің ұлттық қадір-қасиетіңді көлегейлеуге мәжбүр болу, азаттық туралы ауыз аша алмау, өзіңнің ұлттық «МЕН» дегізерлік қасиетіңді қорғауға қысылып-қымтырылу сияқты толып жатқан шектеулер әсте қазақстандық мәдени үлгіге негіз болып жарытпайтыны аян.

Қазақстанның бүгінгі өміріндегі белесті шындықтар мәдениеттің көкжиегін мейлінше кеңейте түсуде. Біз әлемдік мәдениетті барша байлығымен, күрделі де әр алуандығымен

игере бастадық деп енді ғана айта аламыз. Осыдан ғасыр бұрын ғұмыр кешкен Абайдың бүгінгі әлемдік мәдениет өресінен қарағанда мейлінше жан-жақты білімдар болғаны қайран қалдырады. Сондай-ақ Шоқан Уәлихановтың да әлемдік географиялық ғылым өресінде болғаны таңғаларлық құбылыс. Әрине жай ғана таңырқау жеткіліксіз. Қазақ халқының ұлттық зерде-зейінінің алғырлығын, санасының сергектігін ескерсек, рухани серпілісті мұнан да ертерек бастаған болар едік. Біз ғасырлық үзілістен кейін, осынау әмбебап мәдени қасиетіміздің қайта түлейтін межесінде тұрмыз. Бұл кезеңнің де драмалық қиындықтары мен қайшылықтары аз емес. Солай болған күнде де, мәдени азаттық бар жерде ұлттық мәдениетті көгертіп-көктетудің де мүмкіндігі мол деп айтуға болады.

* * *

Тауар мен жарнаманың жапсырмасын жаңғыртудан гөрі мәдени жаңғыру, әрине әлдеқайда күрделі. Бүгінгі өмірде «мән-мазмұн үшін егесушілік» үйреншікті жайт, дегенмен, мәселе әлдебіреулердің мәдени үлгіні зорлап таңуында да емес. Мәселенің мәні, экономикалық, саяси, технологиялық қалыптарға орай ұлттық өмір салты мен ұлтаралық өмір салттардың түбегейлі өзгере бастауында болып отыр. Бұл сияқты мәдени үн қатуларға текниет ортақтастырып қана жауап беруге бола-

ды Тек «бүгінгі өмір жүгін» арқалаған ұлттық мәдениеттердің өзара үндесуі ғана — әлемдік рухани кеңістікте Қазақстан өзінің дербес те төлтума тұлғасын сақтай ала ма, жоқ әлде өзінен қожыраған және қойыртпақтанған мәдени шайынды болып қала ма деген сұраққа лайық жауапты көлденең тартады.

Осынау түйіні қиын сұрақтың не ол, не бұл болатын драмаға толы қос тін шешіміне бүгінгі күннің ғана емес, ертеңгі күннің де тағдыры тәуелді.

Қазақстан жерінде байырғы да төлтума өркениеттің өсіп-өркендегенін біз әрі мақтанып, әрі таңданыс сезімде танып-біле бастадық. Қазақтың ұлан-байтақ қуаң даласы бір кездері Еуразияның ұлы кеңістігіне тіршілік ырғағын дарытқан. Көкжиекпен астасып, үнсіз мүлгіген бейіт-қорымдар әлемдік ауқымдағы оқиғалардың куәсі. Осы даладан бірде бейбіт, енді бірде жорық сапарымен қиянға аттанған бабаларымыз өзімен бірге талай елге білім-білігін де жеткізіп отырған. Ондай білім-біліктің кейін талай-талай айтулы жаңалықтарға тұғыр болғаны да белгілі. Жалпы, көшпелілердің мәдени миссиясы деген мәселе шегіне жете идеологияланған. Сонымен бірге күні бүгінге дейін лайықты бағасы да берілмей келеді. Әдетте уақыт қалауын өтеу үшін жазылған тарих жаныңды құлазытады. Дәл осындай күй кешкен тарихқа біздің де куә болғанымыз күні кешелер ғана.

Біздің нақтылы тарихымыз әсіре қопсытуды қажет етпейді. Оның әсер-ауқымының үлкендігі сонша, ешқандай мифологиялаудың керегі жоқ. Біздің бабаларымыздың Мысырдан Үндістанға дейінгі, Еуропадан Қытайға дейінгі мәдени, саяси әсер-ықпалының ерекше тегеурінді де жан-жақты болғаны сонша, тарихи ізденістердің көзден тізгендей көрсетіп, қолмен ұстағандай дәлелдеп отырғанындай, бұрын «қараңғылық жайлаған Дала» деген ұғымдардың күлі көкке ұшқан. Осыдан 10—15 жыл бұрынғы тарихшылардың түйсігімен, ақындардың арынымен айтылған ахуалдар бұл күнде жүйелі зерттеулердің объектісі болып отыр. Осы орайда, біз мұндай серпілістердің өзінен-өзі жүзеге асып жатпағанын, керісінше Қазақстанның және онымен мәдени еншілес Орталық Азия елдерінің тәуелсіздік алуына байланысты мүмкін болып отырғанын айқын аңғаруымыз қажет. Тарихи ақиқат шындыққа бетбұру, Ұлы Даланың мәдени ықпалы туралы шындықты айту, күні кешелер ғана шектен шыққан күнә болып есептелетін еді.

* * *

Еуропалық жазба тарихтың дәстүрінде ондаған жылдар бойы көшпелілердің ғұмыртіршілігі отырықшы халықтар мен мемлекеттер үшін Тәңірдің жазасы сияқты көрсетіліп келді. Еуропацентризмнің үстемдік құруы әлемдік тарихтағы түркі-монғол көшпе-

длерінің рөлін толық жоққа шығарды. Содан да болар, біз бүгінгі таңда бұрмаланған бұралаң соқпақтан тарихи өз жолымызды іздеуге мәжбүрміз. Бұл жерде, әңгіме біздің халықтың әсіре тарихын жасау туралы болып отырған жоқ, керісінше өзінің барша қадір-қасиетімен шыншыл үрдісін көрсету керектігі сөз болып отыр.

Еуропа өркениетінің күмәнсыздығы мен күнәсыздығына деген сенімнен арылу үшін ХХ ғасыр аясында екі бірдей әлемдік қантөгіс соғысты, экономикалық, саяси, әлеуметтік және экологиялық сүргіндерді бастан кешу қажет болды. Шығыстың ширақ серпілісі, әсіресе Жапонияның, содан соң жаңа индустриалды «жолбарыстардың» еңсе көтеруі — тек қана еуропалық тәжірибенің прогресс пен гуманизмге таптырмас тұғыр емес екенін, бар болғаны өркениеттердің бір ғана үлгісі екенін көрсетіп берді.

Сондықтан да Шығыс өркениетінің рөлін түсінбеушілік туралы Жорж Фрадьё былай деп жазды: «Ал Шығыс халықтарының тарихы ше? Оған Батыстың оқулықтарында тек Батыс тарихына қатысы болса ғана көңіл бөлетін. Мәселен, арабтар оқулық беттерінде тек Испанияны жаулағанда және Палестинада крест жорықшыларымен шайқасқанда ғана төбе көрсетіп, содан соң тап бір бақиға батқандай тарих сахнасынан көрінбей кететін. Индия болса, тек 16—18-ғасырларда сауда ком-

панияларының езгісіне түсу үшін ғана қиял-дай ғажайып түн түнегінен шығатын. Қытай өзінің мұңға шомған оқшаулығынан апиын соғысы кезінде тек «өркениеттендірушілерді» қарсы алу үшін ғана босанып шыққандай болып көрінетін. Ал екі ғасыр бойы португал монахтарын өлтірген самурай бейнесінің нысанына (символ) айналған Жапония болса, 1853 жылғы оқиғаға байланысты екі-ақ абзацпен көріну пешенесіне жазылған» (Курьер ЮНЕСКО. Антология за 30 лет. М., 1990, 179-бет).

* * *

Егер мұндай мысалдар одан әрі жалғасар болса, онда Азия, белгілі бір уақыт өткен сайын салт атты жабайылар нөшірін дүниеге келтіріп отыратын және олар Еуропаның мәдени жетістіктерін күйретіп, сонан соң тарих түнегіне сіңіп кеткендей болып көрсетілер еді. Ал көшпелі халықтар болса, өзінің шаруашылық-мәдени типінің тығырыққа тірелгенін дәлелдеу үшін дүниеге келгендей, содан соң өркениетті халықтарға орын босату үшін ғана көрінгендей болар еді.

Жеңес кезіндегі оқулықтарда тағы бір миф болды — ол миф бойынша, бүкіл халықтар, бейне бір, түн түнегінен құтқаратын социалистік революцияны күтіп ғана ғұмыр кешкендей сыңайда көрсетілетін. Ол аз дегендей,

Ресей империясының құрамында бұратана халықтардың болуы ауырлық келтіргенімен, сол халықтардың өздері үшін тарихи «сәттілік» болыпты-мыс, себебі олар капитализмнен аттап өтіп, социализммен қауышты деп әсіреленетін.

* * *

Менің пайымдауымда, тарихқа деген бұл сияқты көзқарас еуропацентризм мен кеңесцентризмнің тұрақтанған дәстүрімен тікелей байланысты. Байырғы ұлы бабаларымыздың ұрпағы ретінде, біреудің шайнап бергенін мaldану бізге жараспайды. Сондықтан да өткенімізге, бүгiнiмiз бен болашағымызға жалтақсыз жанар тіктейтін мезгіл жетті.

«Бабаларыңның даңқына тәу ету қажет қана емес, міндет те, ондай сый-құрметтің қолыңнан келмеуі масқара ынжықтық болмақ», — деп жазыпты А. С. Пушкин. Тағдырдың жазуымен, күні кешелер ғана «кіші іні» санатында болған, басқа да халықтар сияқты, қазақтардың да бірнеше буын ұрпағына өз бабаларының даңқты өмір жолын білуге тыйым салынған. «Біз өткеннің күл-қоқысын емес, отжалынын алуымыз керек», — деп үндеу тастаған болатын Ж. Жорес. Тәрізі, таптық тарихнама біздің халыққа күлдің өзін көпсiнiп, тозаңын ғана қалдырған сияқты. Соның өзін халық жады жел-құзға шашпай, сақтай білгенін қайтерсің.

* * *

Біздің халық үшін бас біріктірудің бастауы ұдайы мемлекеттік идея болып отырған. Осы уақытқа дейін мұндай идеяның қазақтар екі түрлі орныққан типімен таныс. Біріншісі — қазақ халқы қалыптасқан кезден бастап, Ресей империясының құрамына кіргенге дейінгі кезеңде негізінен көшпелі мемлекет болуы. Екіншісі — формальды сипаттағы кеңес мемлекеттігі.

Бүгінгі таңда қол жеткен жетістіктерге сүйене отырып, жаңа типті мемлекеттігіміздің атау-терминін 21-ғасырда орнықтыру үшін сенімді мүмкіндіктер бар. Бәлкім, бұл біздің халқымыздың маңдайына жазылған ең соңғы тарихи мүмкіндік болар.

Біздің алдымызда қос тін жол тұр: не қазіргі ақиқатты еңсеріп, жаңа Қазақстанды жасақтаймыз, не ғайыпқа сіңіп жоқ боламыз.

Біздің таңдағанымыз біріншісі, алайда біздің жасампаз жаңалығымыз тарихи бай тәжірибені тірек етуі керек. Мәртебелі болашақ туралы армандай отырып, мерейлі өткенімізді де жадымызда сақтағанымыз жөн болар.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ –
ҰЛЫ ТҮРКІ ЕЛІНІҢ ҚАРА
ШАҢЫРАҒЫ

Кітаптар көп арабша да,
тәжікше,
Біздің тілде бұл жалғыз-ақ
әзірше.

Жүсіп Баласағұн

Осыдан екі мың жыл дерлік бұрын біздің жерімізде дамыған мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын бір-бірімен шебер ұштастырған өзіндік бірегей андронов мәдениеті пайда болды. Арийлер деген атпен ұлы мәдениеттер жасап, ұлы мемлекеттер құру үшін бір кезде Үндістанға қарай бет алған тайпалар тап сол андронов мәдениетінің иелері еді. Қазақстанның сақ тайпалары андронов мәдениетін жасаушы халықтың «Авестада» айтылатын арий, тур, дах және дайлардың тікелей ұрпақтары болып табылады. Мұндай даусыз қорытындыны андронов және сақ мәдениеттері арасындағы өзара байланыстың тікелей жүйесі бар екенін тапқан археолог ғалымдар мен қола дәуіріне қатысты сақ заманындағы халықтардың генетикалық тұрғыдан олардың мұрагер жалғасы екенін анықтаған антрополог ғалымдар дәлелдеп отыр.

Қазақ даласын мекендеген тұрғындар арасында сақ дәуірінен бастап бет-бейне жағынан Орталық Азиядан шыққанын көрсететін монғол тұрпатты аралас адамдар пайда болды. Шаруашылықты жүргізудің сол кездегі жағдайында неғұрлым прогресшіл тәсілі болып табылған көшпелі мал шаруашылығына қарай ойысу да тап сақ дәуіріне сай келеді.

Мұнда Иран басқыншыларының, ұлы Ескендір Зұлқарнайын армиясының шабуылдарын тойтарыс беріп тоқтатқан мемлекеттер пайда болды. Мұнда адам мен ат одағы құрылып, соның арқасында түркілер мен басқа да көшпелі халықтар сол кезде

өздеріне белгілі болған әлемнің тең жартысын тізе бүктіріп, бағындыра білді және оның қалған бөлігі — Батыс Еуропа мен Қытайды үрейлі қорқыныштан көз аштырмады. Мұнда, Ертістің, Іленің, Сырдарияның, Жайықтың және Еділдің жағалауларында орасан зор империялардың — ғұндардың, түркі қағанаттарының, қарлұқ мемлекеттерінің, монғол хандары мен олардың мұрагер ұлыстарының — ғажайып астаналары пайда болды.

* * *

Орасан зор Еуразия құрлығындағы орталық кең-байтақ алқапты сайын дала мен құмды шөлдер белдеуі алып жатты. Міне, тап сол кеңістікте көшпелі ұлы мемлекеттер пайда болды. Қазіргі Қазақстанның және оған шектес жатқан аймақтардың аумағында дүниеге келген алуан түрлі мәдениеттер әлемнің көптеген халықтарының дамуына айқындаушы ықпалын тигізді.

Орталық Азиядағы алғашқы ірі көшпелі империя біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырдың соңында құрылды. Ол сюнну (хунну, ғұндар) империясы еді. Ол көп ұзамай-ақ Байкал сыртынан Тибетке дейінгі, Орта Азиядан Хуанхэге дейінгі аймақты басып алып, өзінің дүркін-дүркін баса-көктеп кіріп баратын шабуылымен ежелгі Қытай мемлекетін жарты мың жыл бойы қалтыратқан үрейлі қорқынышта ұстады. Біздің дәуіріміздің IV—V ғасырларында ғұндардың Еуропа мен Батыс Азияға жасаған шабуылдары туралы жылнамалар хабарлайды.

VI ғасырда Еуразиядағы тарих сахнасына жаңа тарихи тұлға — Түркі қағанаты — Түркілердің далалық империясы шықты. Ол өзінің гүлденіп өсуінің шырқау шегіне жеткен кезінде Қиыр Шығыстағы Кореядан Қара теңіздегі Қырымға дейінгі орасан зор шетсіз-шексіз кең-байтақ аумақты алып жатты. IV—VIII ғасырлардағы жылнамалар Еуропада түркілердің алғашқы легі аварлардың, бұлғарлардың, суарлардың, хазарлардың пайда бола бастағанын жазады. Содан кейін шығыстан батысқа қарай оғыз-печенегтер, түркілер, салжұқтар, сондай-ақ қарлұқтар, қыпшақтар (половшылар, құмандар), қырғыздар ағылды. Түркі тайпалары Қазақстан мен Орта Азияның мол аумағын мекендеп қалды да, Иран мен Закавказьеге басып кіре бастады. Ал XI ғасырда олардың бір бөлігі (оғыздар мен түрікмендер) Кіші Азияға қоныс аударды. Қысқасы, түркі тайпалары осылай тарала келіп, бірте-бірте отырықшылыққа көшкеннен және жергілікті халықтармен араласа бастағаннан кейін, ал кейде көшпелі өмір салтын сақтап қала отырып, шығыстағы якуттардан (сахалардан), тувалықтардан, алтайлықтардан, қазақтардан, ұйғырлардан бастап батыстағы чуваштарға, гагауздарға, Еділ мен Қырым татарларына, құмықтарға, қарашайларға, балқарларға және түріктерге дейінгі халықтардың орасан зор тобы құрылды.

* * *

Біздің арғы ата-бабаларымыз Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға дейінгі, Сібірден Үндістанға дейінгі

аумақты алып жатқан мемлекеттердің дамуында екі мың жыл бойы елеулі рөл атқарып келді.

Орасан зор кең-байтақ аумақта қоныс аударумен болған көшпелілер Еуразияның этностық және мемлекеттік бет-бейнесін бір емес, бірнеше рет өзгертті. Дүние жүзіндегі аса маңызды тілдік топ — алтай тілдік тобының (негізінен оның түркі және монғол тілді тармақтарының), оған қазақ тілі де кіреді, ежелгі және ортағасырлық замандарда кеңінен таралуы ортаазиялық көшпелілердің ұдайы қоныс аударып отыруына байланысты болды. Мейлінше кең тараған тілдік топтардың бірі — түркі тілдік тобының Еуразияға қарай жылжып ене бастауы — сол кезеңде пайда болған құбылыс.

«Алғашқы кезде көшпелі өмір салты көшпелілердің (номадтардың) табиғи дене бітімінің жетілгендігі және психологиялық жинақылықпен жұмылғыштығы арқасында серпінді қарқынмен жедел дамудың маңызды факторына айналды. Сол заманның бізге дейін жеткен қорым-қорғандарынан табылған аңдардың ширыққан бейнелері, шайқас пен теке тірес көріністері ілгері дамудың нысаны болғаны тіпті де тегін емес. Техникалық тұрғыдан жетілудің жаңа деңгейі байланыс жасау саласында шын мәнінде соны серпіліс жасауға мүмкіндік берді. Дүние көкжиегінің шекарасы кеңейе түсті, орасан зор аумақтарда жаңа үлгілер мен өлшемдер көзді ашып-жұмғанша дерлік тез таралатын болды» (Массон В. М. Номады и древние цивилизации: динамика и типология взаимодействия//Взаимодействие кочевых культур и

древних цивилизаций. Алматы, «Ғылым» баспасы, 1989, 88-бет).

* * *

Бәрі де бұдан бірнеше ғасыр бұрын басталған болатын. Аңыздың айтуы бойынша, жау қырғынға ұшыратып кеткен тайпаның тас-талқаны шыққан жұртында тірі қалған нәрестені бір қаншық қасқыр Шығыс Тянь-Шань тауындағы өз апанына алып барып, аман асырап өсіреді, кейіннен одан тапқан он баланың анасына айналады. Ер жеткен балалар өздеріне жар тауып, үйлі-баранды болады. Қаншық қасқырдың немерелерінің бірі Ашина деген атқа ие болады. Соғды және сақ тілдерінде бұл есім көк түсті реңк дегенді білдіреді. Егер қаншық қасқыр асырап өсірген ағайынды Ромул мен Рем билікке таласып, өз бауырын өзі өлтірген Ромул Римнің негізін қалаушыға айналса, Тянь-Шань қасқырының балалары Еуразияның көптеген халықтарының арғы аталарына айналды. Ол халықтар өздерінің бір-бірімен туыс екендігін күні бүгінге дейін айқын сезінеді. Көк бөрінің жалпы түркі тектес халықтардың бәріне ортақ қасиетті тотемге айналуы, ал біздің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының негізінен көгілдір аспан түстес болуы тіпті де кездейсоқ нәрсе емес.

Тарихи деректерде «түркі» терминдік атауы VI ғасырдың екінші жартысында кездеседі және содан бастап кеңінен таралғаны көрінеді. Түркі қағанаты құрылғанға дейін «түркі» сөзі он (кейінірек он екі) тайпаның 460-жыл шамасында

Алтайда пайда болған одағы деген мағынаны білдіріп келген болатын. Түркі елі дүниеге, міне, осылай келген еді.

Бірінші түркі қағанаты (552—603 жылдар) Византияның, Иранның, Қытайдың саяси және экономикалық қарым-қатынас жүйесіне енді. Түркі қағанаты өзінің гүлденуінің шарықтап тұрған кезінде Манчжуриядан Керчь бұғазына дейінгі, Енисейдің бастауынан Әмударияның бастауына дейінгі кеңістікке созылып жатты. Сөйтіп түркі қағандары алғашқы еуразиялық империяларды құрушылар болды.

Түркілердің ұлы жабғысы Бумын 552 жылы ақ киізге көтеріліп, орасан зор, алып империяның алғашқы қағаны болды. Оның ұрпақтары Орталық Азия мен Оңтүстік Сібірге түркілердің үстемдігін берік орнатты, ал Қытай императорлары оларға алым-салық төлеп тұрды. Түркі тайпаларының иелігіндегі аумақтың бұдан кейінгі ғасырлардағы кеңейе түсуі, менің ойымша, географиялық факторларға байланысты болса керек. Орталықтағы Еуразия кеңістігінің әр түрлі аймақтарға бөлінетін географиялық шекаралары жоқ. Өзендер тілгілеп жатқан Ұлы дала Карпат таулары мен Қара теңіздің солтүстік жағалауларынан бастап бір қиырдағы сонау Тынық мұхиттың батыс жағалауларына дейін созылды. Онда тіршілік етіп, аман қалу тәсілі өмірлік маңызы бар кеңістікті кеңейте түсуге тікелей байланысты болды. Өйткені кең даланы мекендеген халықтарды, Еуропадағы мемлекеттер сияқты, жолы қиын географиялық

кедергілер қоршап жатқан жоқ еді. Кең-байтақ кеңістікте өмір сүру салтын қамтамасыз ету үшін тез көшіп-қонатын мүмкіндіктер тудыру қажеттігі империя аумағын ұдайы ұлғайтып отыруды қажет етті.

Бір бөлігін Қазақстанның кең-байтақ даласы кұрайтын Еуразияның Хуанхэ өзенінен Карпат тауларына, Орта Азия мен Шығыс Түркістанның шөлейт аймақтарына және Еуразия тундрасына дейінгі орасан зор далаға ұласқан шетсіз-шексіз алып аймақты игеру тек көшпелі малшылардың ғана қолынан келетін еді. Түйе, жылқы, қой — олардың әрі көшіп-қонып жүретін күш көлігі, әрі ет, сүт, тері, жүн беретін, яғни көшпелілердің азық-түлігін де, киім-кешегін де, баспанасын да қамтамасыз ететін материалдық ресурс көздері қызметін түгел атқарды.

Көшпелілер әлемі әр түрлі сипатта болғанымен де оны біріктіретін нәрсе мәдениет пен шаруашылықты жүргізудің ортақ тұрпаттылығы еді. Ұлы дала шеңберіндегі табиғи ортаны игеру егіншілікпен айналысатын отырықшы халықтар қоныстанған әрі игеріп болған аймақтарға көшпелілердің сұғына енуімен аяқталды. Отырықшы халықтармен күресте көшпелілердің әскери жағынан артықшылығы айқын байқалды.

Көшпелі мал шаруашылығымен айналысудың өзі, сыртқы жаулардың шабуылынан ұдайы қорғану қажеттігі әрбір ер азаматтың, қажет болған жағдайда тіпті әйелдердің де әрқашан жауынгерлік саптан табылуға әзір тұруын талап етті. Олардың

бәрі де ат құлағында ойнайтын шабандоз, алыс сапарларға салт атпен жүруге төзімді, ер қаруы — бес қаруды шебер меңгерген, ат үстінде ұрыс жүргізудің тәсілдеріне жетік тамаша жауынгерлер бола білді.

Егіншілікпен айналысатын отырықшы халықтармен салыстырғанда көшпелілер өздерінің күнделікті маңызды материалдық қажеттерін өтеуді қамтамасыз етуге керекті уақытты әлдеқайда аз жұмсады, өйткені уақытының көпшілігі әскери іске машықтануға кететін. Бұрынғы көшпелі өмір салтына сай тіршілік етіп келген түркі халықтарында ат спорты ойындарының — түріктерде ажиридтің, қазақтарда бәйгенің, көкпардың тағы сол сияқты ежелгі әскери машық ойындарының көбірек сақталып қалуының сыры да, міне, осында жатыр. Ақыр соңында айтатын бір нәрсе — отырықшы халықтармен салыстырғанда көшпелілерде ежелгі көне заманда да, орта ғасыр кезінде де патриархалды-рулық қарым-қатынастардың ұзақ уақыт бойы сақталып келуіне себепші болды. Оның үстіне көшпелілер қоғамында да, сондай-ақ барлық дәстүрлі қоғамдарда да, әлеуметтік теңсіздік басты проблема болып саналмады. Ал іс жүзіндегі объективті теңсіздікті олар Тәңірдің құдіретімен пешенеге жазылған тағдырдың ісі деп түсінді.

* * *

Отырықшы халықтардың елдеріне баса-көктеп кірген көшпелілер тұтас мемлекеттерді өз көсемдерінің — шаныюлердің, қағандардың, хандардың,

әмірлердің, сұлтандардың билігіне бағындырды. Көшпелілердің — сьоннулердің немесе ғұндардың, түркілердің, монғолдардың ірі-ірі ұлы мемлекеттері, міне, осылай пайда болды. Көшпелілердің ежелгі және орта ғасырлардағы талай мемлекетті салыстырмалы түрде алғанда оп-оңай жеңіп, басып алғанының толып жатқан оқиғалары тарихтан жақсы мәлім. Мұның өзі көшпелілердің отырықшы халықтар жеріне кеңінен таралуына себепші болды. Көшпелілер әлсіреп, титықтаған қарсыластарымен кездескенде ерекше зор жеңістерге ие болды. Ондай жағдайлар дағдарысқа ұшырап, жойылып бара жатқан өркениеттер немесе бастары бірікпей, ыдырап, өздерімен өздері өз ішінде жауласып жатқан мемлекеттер тарапынан ұшырасатын. Басқыншы көшпелілердің, соның ішінде Орталық Азиядан шыққан түркілер мен монғолдардың да жеңістен жеңіске жетіп отыруының бір себебі осында жатыр.

Мысалы, Еділ (Атыл — Аттила) бастаған ғұндар Батыс Рим империясын біржолата құлатты. Ал XI ғасырда Кіші Азияға барып жеткен түркілер өзара қырқысудан титықтап отырған Византияны оп-оңай олжалады. Өз іштеріндегі өзара қарама-қайшылықтардың зардабынан әлсіреген Хорезмшахтың мемлекеті мен XIII ғасырдағы Русь кінәздіктері де монғолдардың шабуылына қарсы тұруға мүлде дәрменсіз болды.

Шығыс пен Батысты жақсы білген көшпелілердің империялары қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа түрлерін тез меңгеріп отырды.

Мысалы, Шыңғысханның армиясы Еуропа қалаларының қорғаныс қамалдарын дуал бұзатын қытай қаруларын қолдану арқылы тікелей шабуылмен басып алып отырды.

Қалай дегенмен де, көшпелілердің отырықшы халықтармен салыстырғандағы әскери-тактикалық артықшылықтарын қамтамасыз еткен ең басты фактор олардың жауынгерлік жорықта жылқыны кеңінен пайдалануы болатын. Мұның өзі әскери істегі революциялық төңкеріс еді. Біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мыңжылдықтан бастап «көшпелілер әскерінің» жаумен шайқас кезінде оған үсті-үстіне бастырмалата соққы беру тактикасын жүзеге асыруға қолданатын негізгі, тіпті бірдең-бір түрі атты әскер болып келді. Біздің дәуіріміздің бірінші мыңжылдығының орта шенінен бастап түркілер ағаш ер мен үзеңгіні кеңінен пайдалана бастады. Ал мұның өзі атты әскердің жауынгерлік сапасы мен қабілетін еселеп арттырды.

Ол кездегі уақыт талабы осылай болды. Әркімнің аман қалып, тіршілік етуі үшін қару-жарақты пайдалануға машықтануы, кез келген уақытта жауынгерлер сапынан табылуға әзір тұруы керек еді. Бұл ретте осыдан көптеген ғасырлар бұрын өтіп кеткен тарихтан әділеттілер мен кінәлыларды, агрессорлар мен бейбітшілік сүйгіштерді іздестіріп әуре болу, менің ойымша, оншалықты абырой алып беретін іс емес. Әр халық өзінің қаһарман перзенттерін мақтан еуге тиіс, олардың арасында басқыншылары да, басқыншылардың шабуылынан қорғанушылары да болған.

* * *

Ерте заман авторлары түркі халықтарының күмән тудырмайтын артықшылықтарын талай рет атап көрсеткен болатын. Халиф Мутаваккилдiң билеп тұрған тұсында (847—861) IX ғасырдағы өте танымал автор әл-Жахиздiң жазып қалдырған «Фатх б. Хақанға түркілер мен халиф әскерлерінің артықшылық қасиеттері туралы жолдауы» ерекше қызықты. Мұның өзі бұрынғы Хақан Фатхтың халифат әскерлерінің жекелеген топтарының қасиеттері мен артықшылық алу құқықтары жөнінде мәселе талқылаған мәжілісті суреттеп жазған хатына қайтарылған жауап еді. Ол мәжілісте түркілердiң құқығын негіздеп берерліктей ешкім еш нәрсе айта алмаған, содан соң Фатх б. Хақан әл-Жахизге түркі әскерлерінің қасиеттері мен артықшылықтары неде екенін суреттеп жазып жіберуді өтінген болатын.

Енді араб авторының не деп жазғанына назар аударыңыз: «Жер бетіндегі жекелеген қолбасшылары бар тайпалар бірлестігінің ішінде соғыс кезінде соққы бермей тынбайтын түркілерден өзге бірде-бір халық жоқ. Алайда түркілердiң (әдетте) тап солай бас қоса қоюы қиын, өйткені олар пікірлердiң (аяқ астынан пайда бола қалатын) қарама-қайшылығына, құпия бәсекелестікке (терезесі тең жағдайдағы), адамдардың арасындағы өзара көре алмаушылық пен қызғанышқа және бірлестіктің (барлық) мүшелері үшін (жалпыға бірдей) міндеттерді біріне-бірінің аудара салушылығына мүлдем төзбейді, оны барынша жиіркенішпен айыптайды.

Түркілер әскери сапта болған кезінде дұшпанның осал тұсын (егер бар болса) бірден көріп, сезе қояды да (ұрысқа кірісіп кетеді), ал (дұшпанның) ондай осал тұсы байқалмаса, қызығарлық ештеңесі (яғни, алар олжа) болмаса, онда өздері жылыстап кетуді мақұл көреді, мұндай пікірді олардың бәрі де қолдайды және оның дұрыстығына толық сенеді. Олардың ой-пікірі де, талап-тілегі де бір мезгілде әрі бірдей болып шыға келеді.

Олар («Құранды» негізге алып) бірін-бірі көзбе-көз мақтаудан, өлең шығарып дәріштеуден мүлде аулақ. Олардың шын мәніндегі (әрі ең басты) қасиеті де, артықшылығы да өздерінің жеке басына тиісті істің қалай да үдесінен шығатындығында. Олардың бұл ретте бір-бірінен айырмашылығы жоқтың қасында».

Бұдан әрі ол былай деп жазады: (234-бет) «Олардың ұмтылатын бірден-бір мақсаты — өзгелердің (яғни дұшпанның) тарапынан төнетін зұлымдық пен қасақана қаскүнемдіктің алдын алып, болдырмау үшін өздерін өздері сақтай біліп, бәле-бәтерден аулақ болу»; (237-бет) «Түркілер кек қууды, жалған жарамсақтықты, екіжүзділікті, жалақорлықты, қулық-сұмдықты, өсек-аяңды, монтанылықты, достарына менмендікпен қарауды, көршілеріне паңдана тәкаппарлық танытуды білмейтін халық» (Дерек көзі: Мандельштам А. М. IX ғасырдағы түркілердің сипаттамасы. «Фатх б. Хақанға әл-Жахиздің жолдауы» — Тарих, археология және этнография институтының еңбектері. 1-т., «Археология». Алматы, 1956).

(Фатх б. Хақан — халиф Мутаваккилдің ең сенімді адамы, ақындар мен ғалымдарға қамқорлығымен танымал болған. Қастандық жасаушылардың қолынан 861 жылы Мутаваккилмен бірге қаза тапты).

Л.Гумилев былай деп жазады: «Олар (арабтар) Орта Азияның жазиралы алқаптарын өне-міне дегенше тез басып алып, далалы алқапқа шығысымен-ақ көшпелі түркілер мен түргештердің (түргештер — батыс түркілерінің бір тармағы) қарсылығына душар болды. Осы жерде олардың ілгері жылжуы тоқтатылды. Арабтар оларға ислам дінін қабылдауды ұсынды, бірақ олар төкашпарлықпен жауап қайтарды. Түргештердің ханы Сұлу былай деді: «Менің адамдарым түгелдей жауынгер. Ал сенің адамдарың ше? Олар қолөнершілер, етікшілер, алыпсатар саудагерлер. Ондай іс біздің қолымыздан келе қоймайды. Олай болса, бізге сендердің діндерің де ұнай қоймайды» (Гумилев Л.Н. География этноса в исторический период. Л., 1990, 60-бет).

* * *

Түркілердің тұтасқан ұйымшылдығын көптеген авторлар атап көрсеткен болатын. Олардың тап осы қасиеті түркі әлемінің Еуразия кеңістігіне неғұрлым тез таралуының маңызды факторы ретінде күні бүгінге дейін жеткілікті бағаланбай келеді. Алғашқы кездегі түркі мемлекеттерінің күйреуі оларға сыртқы күштердің соққы беруінен гөрі, көп жағдайда өз іштерінде халықтың алты

бақан ала ауыз болып, бастары қосылмай, бірлігін жоғалтып алуына байланысты еді.

731 жылы Білге қаған мен Күлтегіннің құрметіне қойылған құлпытастағы ежелгі руникалық жазбаша мәтінде мынадай сөз бар: «Бектер мен халық бір-біріне сенуден қалғандықтан, Қытайдан келген алдаушылардың алдап-арбауы мен арандатуына еріп, солардың құйтырқылықтарынан, олардың ағайын арасына от салып, халық пен бектерді жауластыруынан келіп түрік халқы бұған дейінгі елдігінің шырқын бұзды, билік жүргізіп тұрған қағанын өлімге душар етті» (Кляшторный С.Г., Сұлтанов Т.А. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. СПб., 1992, 156-157-беттер; Қазақстан тарихы, I том, Алматы, «Атамұра», 1996, 392-бет).

Жұмылған жұдырықтай бірлік, шаруашылықты жүргізудің сол кездегі озық тәсілі, қарулы күштерді неғұрлым тиімді ұйымдастыра білу түркілердің орасан зор мемлекеттер құруына және сол арқылы дүниежүзілік тарихтың даму барысына ықпалды әсер етуіне мүмкіндік берді. Біздің ата-бабаларымыздың бір кездегі күш-қуаттылығының тап осы үш түрлі себебін ортағасырлық авторлардың басым көпшілігі айрықша атап көрсетеді.

Осы үш артықшылықтың жиынтығы арқасында көшпелі халықтар кең-байтақ Еуразияның алуан түрлі түкпір-түкпірін өздерінің пайдасы үшін аша білді. Егер VII—VIII ғасырлардағы басқыншылық шабуыл кезіндегі арабтардың және Ұлы Географиялық жаңалықтар ашу мен отаршылдық экспансиялау кезіндегі еуропалықтардың қоныс ауда-

руын есептемесек, бірде-бір отырықшы халық немесе тіпті отырықшы халықтар тобы түркілер сияқты тап осындай орасан зор аймаққа кеңінен таралып, қоныстанып көрген емес. Ежелгі түркілер заманында көшпелілер Орталық Азиядан Византия шекарасына дейін созылатын жаңа далалық көпір салып кетті. Бірнеше ғасырлар бойы тап сол кеңістікте біресе пайда болып, біресе ыдырап кетіп, бірін-бірі алмастырып келген көшпелі империялар көптеген халықтардың этногенезіне, күрделі де алуан түрлі мәдени кешендердің қалыптасуына орасан зор ықпал етті.

Мұның өзі өркениеттің мүлде жаңа тұрпаты еді. Ол XX ғасырдың алғашқы үштен біріне дейін өзінің сипатын сақтап келді. Ат үстіндегі көшпелі түркі халықтары өркениетінің мұншалықты кеңінен таралуының негізінде жатқан не бар еді?

Біріншіден, ол кезде соншалықты орасан зор кеңістікті игеру шаруашылық жүргізудің бірден-бір жаңа тәсілі — мал шаруашылығымен айналысу арқылы мүмкін болатын еді. Дәстүрлі көшпелілер қоғамы кең даланы, шөлді және шөлейт құмды алқаптарды игерудің тиімді тәсілдерін ойлап тапты.

Екіншіден, көшпелілер егіншілікпен айналысатын отырықшы халықтармен тығыз әрі өзара пайдалы байланыс орната білді.

Үшіншіден, түркілерде әскери өнердің дәрежесі бәрінен де жоғары болды. Қатардағы кез келген көшпелі тек бақташы-малшы ғана емес, ер жүрек жауынгер де еді. Көшпелілер өздеріне тән еті тірі

жинақы шапшаңдығының, алыс жолдарды шаршамай-шалдықпай басып өтіп, көлемі зор аумақтарды басып қалып отыруының арқасында өзге отырықшы халықтармен салыстырғанда әр түрлі елдердің әскери ісі саласындағы маңызды деген жаңалық атаулымен тез танысып, оларды өздерінің қарулы күштері үшін пайдаланып отырды.

Алайда көшпелілердің отырықшы халықтардан әскери-тактикалық артықшылығын қамтамасыз етіп келген ең басты фактор соғыста жаугершілік аттарды кеңінен пайдалануы болды. Мұның өзі әскери істегі барып тұрған төңкерістің тап өзі еді. Ал әскери істі дамытудағы жаңа қадам салт атпен соғыс салу болды. Көшпелі халықтардың отырықшы халықтарға қарағандағы әскери артықшылығын Орталық Азиядағы далалықтарда атты әскер қамтамасыз етті және мұның өзі оқ ататын қару қашан кеңінен тарағанға дейін созылып келді.

Түркілер құрған империя — Түркі қағанаты басқыншылық нәтижесінде пайда болды десек те, одан кейінгі кезеңде белгілі дәрежеде өркениетке жеткізуші рөл атқарды. Белгілі түркітанушы ғалым Л. Н. Гумилев былай деп атап көрсетті: «Қағанаттың шекарасы батыста Византиямен, оңтүстікте Персиямен және Үндістанмен, ал шығыста Қытаймен шектесе созылып жатқандықтан да ол елдер тарихының қиын-қыстау кезеңдерінің... түркі мемлекетінің тарихымен тығыз байланысты болуы әбден табиғи нәрсе еді. Ол мемлекеттің пайда болуы адамзат тарихында белгілі бір дәрежедегі

төңкерісті кезеңге айналды. Өйткені бұған дейін Жерорта теңізі мен Қиыр Шығыс мәдениеттері бір-бірінің бар екендігінен хабардар болғанымен де аралас-құраласы жоқ алшақ жатқан болатын. Батыс пен Шығыстың өзара қарым-қатынас жасасуына шетсіз-шексіз кең дала мен созылып жатқан биік таулар кедергі жасады. Тек соңғы кезде ағаш арбаны алмастырған металл және жүк тиейтін әбзелдердің ойлап табылуы ғана керуендердің шөлді алқаптар мен қиын-қыстау асуларды салыстырмалы түрде алғанда едәуір оңай басып өтуіне мүмкіндік берді».

Ежелгі байланыс тәсілдерінің бірі Ұлы Жібек жолы еді. Ол тұрақты дипломатиялық және сауда-саттық қарым-қатынас жасалатын күре жол қызметін атқарып келді. Қытай жібегі тиелген керуендер шығыстан батысқа қарай, ал Орталық Азиядан, Таяу және Орта Шығыстан, Жерорта теңізінен тауар тиелген керуендер батыстан шығысқа қарай тап осы түркілердің жерін басып өтетін. Бұл байланыс көпірінің маңызы дүниенің екі бөлігі арасындағы материалдық ауыс-түйіспен ғана шектеліп қалмай, оның шеңберінен өте-мөте алысқа кетіп жатты. Ол алуан түрлі мәдениеттер мен халықтарды бір-бірімен байланыстырып, сонау ежелгі заманнан бері идеялар алмасудың тұрақты да маңызды факторы ретінде қызмет етіп келді.

Көне тарихта аса көрнекті рөл атқарған Түркі қағанатының құрылғанына (552 ж.) 1450 жыл толарына көп қалған жоқ. Бұл елеулі оқиға көпте-

ген мемлекеттерде аталып өтеді, қазірдің өзінде түркілердің ұлы өркениетінің мұраларын оқып үйренуге, зерттеуге арналған бірнеше халықаралық конференциялар мен форумдар болып өтті. Біздің бәріміздің де мақтаныш етуімізге тұрарлық мол мұрамыз бар. Өйткені ата-бабаларымыз адамзат тарихында өшпес із қалдырып кеткен, Еуразия құрлығындағы халықтардың тағдырына орасан зор күшті әсер еткен.

Біздің еліміздің халықтары ұлы ата-бабаларымызды әбден орынды мақтаныш етуге құқықты, ал Бумын, Естеми, Білге қаған, Күлтегін сияқты алғашқы қағандардың есімдері ежелгі ерте заманның өзге ұлы әскери қолбасшыларының және мемлекет қайраткерлерінің есімдерімен әбден қатар тұра алады, олардың атқарған істері ешкімнің де атқарған істерінен артық болмаса, тіпті де кем емес.

Ежелгі түркі өркениетінің әлеуметтік-саяси саладағы даусыз жетістіктері қатарына қоғамның жаңа әлеуметтік-саяси құрылымын қалыптастырғанын қосуға әбден болады. Ол қоғамдағы шешуші рөлді қаған бастаған империялық ақсүйектер атқарды. Ал қағанның ең басты міндеті, ежелгі түркі ескерткіштерінің қалдырған деректеріне қарағанда, «елі-жұртының қамын ойлау, халқын асырау» болған. Қайтыс болған қаған туралы құлпытасқа қашап жазылған ең жоғары мақтау сөз мынадай: «Ол өзінің халқын армансыз асырады». Барлық биліктің қаған мен дала ақсүйектерінің қолына шоғырлануы оларға мемлекет тағдыры үшін

саяси және тарихи тұрғыдан мейлінше күшті жауапкершілік жүктеді.

Мәдени өркениет тұрғысынан алып қарағанда ежелгі түркілер Орта Азия, Иран және Византия өркениеттерімен жан-жақты және тығыз байланыс жасасу нәтижесінде руникалық негізде өзінің бірегей жазуы бар жаңа тұрпатты мәдениет қалыптастырды. 1970 жылы Есік қорғанынан табылған біздің заманымызға дейінгі V-IV ғасырлардағы сақ дәуірінен қалған күміс тостағандағы руникалық ойма жазуды айтпағанда, ғалымдардың Алтайдан, Шығыс Түркістаннан және Жетісудан, сондай-ақ Хакасия мен Тувадан тапқан екі жүзден астам ежелгі түркі жазуларының ескерткіштері VI ғасырдың аяғына қарай орасан зор мәдени серпілістің нәтижесінде ежелгі түркі өркениетінің қалыптаса бастағанын айқын көрсетеді. Ежелгі түркі мәдениетінің өзіндік ерекшелігі — оның жергілікті негізде қалыптасуында.

Алғашқы кезде көшпелі өмір салты ондағы адамдардың табиғи дене бітімінің жетілгендігі және психологиялық жинақылық пен жұмылғыштығы арқасында серпінді қарқынмен жедел дамудың маңызды факторына айналды. Техникалық тұрғыдан қамтамасыз етілудің жаңа деңгейі байланыс жасау саласында шын мәнінде зор секіріс жасауға мүмкіндік берді, сөйтіп дүние шекарасының көкжиегін кеңейте түсті.

Руникалық әліппені VI ғасырдың аяқ кезінде Естеми қаған одан әрі шындай түсті. Ол халықаралық қатынастарды, атап айтқанда, Византиямен

